

«Фридом Банк Қазақстан»
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы 28 шілде
((з 07-28 хаттамадан үзінді))

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ 2025 жылдың тәуекелдер
мен капиталды басқару рәсімдері туралы
ақпаратты жария ету жөніндегі
ЕСЕП**

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ	3
1. КІРІСПЕ.....	4
2. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУДІҢ ЖАЛПЫ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІЛІК НЕГІЗІ	4
2.1 Корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі	5
2.2 Банк қызметінің негізгі түрлері және қабылданатын тәуекелдер	8
2.3 Маңызды тәуекелдерді басқару жүйесі	10
2.4 Модельдік тәуекелдерді басқару және модельдерді валидациялау	14
2.5 Тәуекелдерді басқару рәсімдері(анықтау, өлшеу, бақылау, мониторинг)	15
2.6 Банктің тәуекел дәрежесін айқындау, сондай-ақ ағымдағы және ықтимал тәуекелдер	17
3. БАНКТІҢ МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТЫ (КАПИТАЛЫ): ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ	18
3.1. Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы өлшемдері мен тәсілдері ..	19
3.2. Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы тәуекелдерді басқару саясатына енгізілген өзгерістер	21
3.3. Банктің капитал жеткіліктілігін бағалау тәсілдерінің сипаты	21
3.4. Капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды сақтау	22
3.5. Капитал деңгейінің және капитал жеткіліктілігі коэффициенттері мәндерінің елеулі өзгерістері туралы ақпарат	23
4. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ.....	24
4.1. Кредиттік тәуекел көлемі туралы жалпы ақпарат	24
4.2 Кредиттік тәуекелді басқаруға қолданылатын өлшемдер мен тәсілдер	25
4.3 Кредиттік тәуекел бейіні	26
4.4 Банктің бизнес-моделінің кредиттік тәуекел деңгейіне әсері	27
4.5 Банктің кредиттік тәуекел бойынша лимиттері	28
4.6 Кредиттік тәуекелді төмендету әдістері	29
4.7 Дефолтқа ұшырайтын тәуекелдерді қоса алғанда, кредиттік тәуекел көлемі	29
4.8 Банк бөлімшелерінің ұйымдастырушылық құрылымы, кредиттік тәуекелді басқаруға тартылған бөлімшелердің өзара әрекеттесу рәсімдері	30
4.9 Басқару органдарына кредиттік тәуекел туралы хабарлау мерзімділігі	30
5. ҚОРЫТЫНДЫ	31
1- қосымша	32
2- қосымша	33

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган

Тәуекел бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер (RWA – Risk-Weighted Assets) – капитал нормативтерін есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіш. Банктің активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері «Әмбебап банк лицензиясы бар банкі, базалық банк лицензиясы бар банкі, ислам банкі сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың шекті мәндерін және есеп айырысу әдістемелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 85 Қаулысына (бұдан әрі - №85 Нормативтер) сәйкес тәуекел коэффициенттеріне көбейтіледі

Банк – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ

Капиталдың жеткіліктілігін ішкі бағалау процесі (КЖІБП) – Банктің тәуекелдерді сәйкестендіруді, стресс-тестілеуді, капитал жеткіліктілігін модельдеуді қамтитын капиталды бағалау бойынша кешенді ішкі рәсімі

Дефолт – қарыз алушы міндеттемелерін орындамайтын және дефолттық болып жіктелетін активтер (әдетте 90 күннен астам мерзімі өткенде немесе құнсыздану белгілері болған кезде);

Тәуекел дәрежесін мәлімдеу – банктің сандық және сапалық нысандағы жол берілетін тәуекел деңгейін айқындайтын құжат. Директорлар кеңесімен бекітіледі

Бірінші деңгейдегі капитал – есептелуі № 85 Нормативтерде айқындалған негізгі капитал мен қосымша капиталдың сомасы

Екінші деңгейдегі капитал – № 85 Нормативтерде көрсетілген банк сатып алған меншікті субординацияланған борышты және инвестицияларды шегергендегі субординацияланған борыштың сомасы

Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері – k_1 , k_{1-2} , k_2 . Капиталдың тиісті деңгейлерінің RWA-ға қатынасы ретінде есептеледі

Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_1) – кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің; нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің; операциялық тәуекелдің сомасына негізгі капиталдың қатынасы ретінде есептелетін норматив

Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_{1-2}) – кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің; нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің; операциялық тәуекелдің сомасына бірінші деңгейдегі капиталдың қатынасы ретінде есептелетін норматив

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_2) – кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің; нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің; операциялық тәуекелдің сомасына меншікті капиталдың қатынасы ретінде есептелетін норматив

Тәуекелдер комитеті – Банктің Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару, кредит беру, активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитеті

Кредиттік тәуекел – қарыз алушының банк алдындағы міндеттемелерін орындай алмауы салдарынан болатын шығындар тәуекелі

Қорғаныс желілері (үш қорғаныс желісінің үлгісі) – бірінші желі – бизнес-бөлімшелер; екінші желі – тәуекел-менеджмент және комплаенс; үшінші желі – ішкі аудит

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) – мемлекеттің ақша-кредит саясатын жүргізу функциясын және ҚР заңнамасында көзделген өзге міндеттер мен функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган

Алқалы органдар – Директорлар кеңесі, Тәуекелдер комитеті, Басқарма, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті және Кредит комитеттері

1. КІРІСПЕ

Осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ 2025 жылдың тәуекелдер мен капиталды басқару рәсімдері туралы ақпаратты жария ету жөніндегі есеп (бұдан әрі – Есеп) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 86 қаулысымен бекітілген Банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – № 86 Қағидалар) талаптарына сәйкес «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) қызметінің ашықтығын арттыру және қаржы нарығының мүдделі қатысушыларына қосымша ақпарат ұсыну мақсатында әзірленді. Есеп негізгі қызмет түрлері, қабылданатын тәуекелдер туралы мәліметтерді және халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді және капиталды басқару мәселелері бойынша өзге ақпаратты қамтиды.

Банк қызметінің ашықтығын арттыру және қаржы нарығының мүдделі қатысушыларына қосымша ақпарат ұсыну мақсатында Банк тәуекелдерді және капиталды айқындау, бағалау және басқару бойынша әдістер мен рәсімдер туралы мәліметтерді ашады.

Осы Есеп 2025 жылғы ақпаратты жария етудің келесі компоненттерін қамтиды:

- Банк қабылдайтын негізгі маңызды тәуекел түрлері (кредиттік, нарықтық, операциялық) туралы жалпы ақпарат;
- Банктің меншікті капиталының құрылымы, басқарылуы және жеткіліктілігі туралы ақпарат;
- критерийлер мен тәсілдерді, лимиттер, кредиттік тәуекел бейінін, оны төмендету әдістерін, кредиттік тәуекел көлемі және кредиттік тәуекелді басқаруға тартылған бөлімшелердің ұйымдастырушылық құрылымын қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару рәсімдері туралы ақпаратты жан-жақты ашу.

Банк осы Есепті алғаш рет жариялады. Жарияланатын мәліметтерді ҚР банктік заңнамасында талап етілген бөлігінде алдыңғы есепті кезеңдермен салыстырмалы түрде көрсету 2026 жылғы Есептен бастап қамтамасыз етіледі. Барлық мәліметтер алғаш рет толық көлемде ұсынылып отырғандықтан, осы Есепте олардың жаңартылған сипаты бөлек бөліп көрсетілмейді.

Есеп 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірленді және Банктің жылдық қаржылық есептілігін, реттеушілік есептілігін және тәуекелдер мен капиталды басқару мәселелері бойынша басқа да құжаттарын толықтырады. Есеп бөлек сыртқы тәуелсіз аудит нысаны болып табылмайды.

Егер өзгеше көрсетілмесе, статистикалық деректер мыңдық теңгемен берілген. Сандар бүтін мәндерге дейін дөңгелектелді және кестелердің қорытынды жолдарында аздаған алшақтықтарға әкелуі мүмкін.

Жарияланатын ақпарат келесі қағидаттар негізінде қалыптастырылады:

- жарияланатын мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі;
- есептік кезеңдер бойынша ақпараттың бірізділігі мен салыстырмалылығы;
- жүзеге асырылатын операциялардың ауқымына, сипатына және күрделілігіне сәйкестігі;
- Банктің тәуекел-бейінін ескере отырып, жан-жақты талдау деңгейінің барабарлығы.

2. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУДІҢ ЖАЛПЫ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІЛІК НЕГІЗІ

Есептің негізгі мақсаты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Банк қабылдайтын тәуекелдер, оларды айқындау, бағалау, тәуекелдерді және капиталды басқару рәсімдері туралы мәліметтерді жариялау арқылы ашықтық пен нарықтық тәртіпті қамтамасыз ету болып табылады.

Қабылданатын тәуекелдер, тәуекелдерді және капиталды басқару рәсімдері туралы мәліметтерді қамтитын осы Есеп Банктің интернет-ресурсында 2026 жылғы 30 шілдеден кешіктірілмей орналастырылуға тиіс.

Ақпаратты жария етудің реттеушілік негізі Қазақстан Республикасы банктік заңнамасының, ҚНРДА және (немесе) ҚРҰБ жекелеген нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сондай-ақ Банктің тәуекелдерді және капиталды басқару процестерін регламенттейтін ішкі құжаттарын қамтиды. Банктің негізгі ішкі құжаттарына Банктің даму стратегиясы, Тәуекел дәрежесі стратегиясы, Тәуекел дәрежесін мәлімдеу, Кредиттік саясат, Кредиттік тәуекелді басқару саясаты, Нарықтық тәуекелдерді басқару саясаты, Операциялық тәуекелдерді басқару саясаты, Модельдік тәуекелдерді басқару саясаты, Капиталды басқару саясаты және тәуекелдер мен капиталды сәйкестендіру, бағалау, мониторинг жүргізу және бақылау тәсілдерін айқындайтын басқа құжаттар жатады.

Жарияланатын ақпарат үш қорғаныс желісі моделіне, басқару органдары мен бөлімшелердің өкілеттіктерін саралауға, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге негізделген, Банкте іс жүзінде қолданылатын тәуекелдерді басқару жүйесін көрсетеді.

2.1 Корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару – банктік қызметтің негізі және Банктің операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Банк өз қызметін жүзеге асыру процесінде кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекел сияқты негізгі тәуекелдерге тап болады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Банк ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекел лимиттері мен тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдердің маңызды түрлерін басқару саясаттары нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгерістерін және қалыптасып келе жатқан үздік банктік тәжірибені көрсету мақсатында жүйелі негізде қайта қаралып отырады.

Тәуекелдерді басқару Банктің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және Банк қызметінің барлық деңгейінде жүзеге асырылады.

Банкте тәуекелдерді басқару жүйесінің келесі құрылымы айқындалған:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер комитеті;
- 3) Банк Басқармасы;
- 4) Басқарма жанындағы комитеттер;
- 5) Тәуекел-менеджмент басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы;
- 6) Тәуекел бөлімшелері және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелер;
- 7) Ішкі аудит.

Банк тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде үш қорғаныс желісі моделін қолданады:

Бірінші қорғаныс желісі: Банктің тәуекелге ұшырауы мүмкін өнімдерді/қызметтерді әзірлеу мен енгізуге, операциялар мен мәмілелерді жүргізуге жауапты бизнес-бөлімшелері;

Екінші қорғаныс желісі: тәуекел бөлімшелері, комплаенс-бақылау бөлімшелері, алаяқтықтың алдын алу бөлімшесі, заң бөлімшесі, қаржы бөлімшесі және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелер;

Үшінші қорғаныс желісі: ішкі аудит бөлімшесі – тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау.

Директорлар кеңесі және Тәуекелдер комитеті

Директорлар кеңесі таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, банктік операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келетін ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісті түрде жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару бойынша саясат пен рәсімдерді мақұлдауға, ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты болады.

Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер комитеті бекітілген тәуекел дәрежесінің сақталуына мониторинг жүргізуді, Банктің тәуекел-бейінін және белгіленген лимиттерден

елеулі ауытқуларды талдауды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және Банктің белгіленген лимиттерді, саясаттар мен рәсімдерді сақтауын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауды қоса алғанда, Банктің тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалайды және оның жұмысын бақылайды.

Басқарма

Банк Басқармасы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел-бейінге және Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес Банктің ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Банк Басқармасы Директорлар кеңесі бекіткен Банктің даму стратегиясы және тәуекел дәрежесі шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуіне жауап береді, ішкі саясаттар мен рәсімдердің енгізілуін жүзеге асырады, Банк қызметіне тән тәуекелдерді ескере отырып басқарушылық шешімдер қабылдайды, сондай-ақ тәуекел-бейіні туралы тұрақты есептілікті қарастырады және елеулі ауытқулар айқындалған жағдайда түзету шараларын қабылдайды.

Басқарма жанындағы комитеттер

Кредиттік комитеттер белгіленген өкілеттіктер мен лимиттер шегінде, кредиттік тәуекелді бағалау, бизнес-бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару бөлімшелерінің, кепілмен қамтамасыз ету бөлімшесінің, заң бөлімшесінің қорытындылары негізінде және Банктің ішкі саясаттарының талаптарын ескере отырып, кредиттік мәмілелер бойынша қарастыруды және шешімдер қабылдауды жүзеге асырады. Банкте қабылданатын кредиттік тәуекел деңгейіне (соның ішінде тәуекел сомасы бойынша) байланысты кредиттік комитеттердің құзыреттері мен өкілеттіктерін саралау іске асырылған, бұл шешім қабылдаудың көпдеңгейлі жүйесін қамтамасыз етеді.

Кредиттік комитеттердің негізгі міндеті кредиттік операцияларды жүргізу кезінде кірістілікті Банк активтерін орналастыру тәуекелдерін барынша азайтумен ұштастыратын салмақты кредит беру саясатын жүргізу, Банктің кредит қызметі бойынша даму стратегиясын іске асыру мақсатында Банк мүдделерін ескере отырып, кредит беру мәселелерін жан-жақты, объективті және білікті қарастыру негізінде кредит портфелінің жай-күйіне бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Банкте Басқармаға Банктің баланстық және баланстан тыс баптармен (қаржылық тәуекелдермен) байланысты активтері мен пассивтерін басқару, өтімділікті және Банктің қолайлы тәуекел деңгейін сақтай отырып, тұрақты кіріс алу мақсатында Банк активтерінің, пассивтерінің және баланстан тыс баптарының қолайлы құрылымын айқындау мәселелері бойынша қолдау көрсететін Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді.

Проблемалық берешек комитеті (бұдан әрі – ПБК) мерзімі өткен, проблемалық берешекті, сондай-ақ өзге берешекті айқындау, мониторингін жүргізу және сүйемелдеу қызметін атқарады. ПБК қарыз алушылардың/борышкерлердің борыштарын баланстық және баланстан тыс шоттардан есептен шығару туралы шешімдер қабылдайды және проблемалық активтермен жұмыс істеу бойынша ішкі құжаттарға сәйкес проблемалық берешегі бар қарыз алушылармен/борышкерлермен жұмыс бойынша қажетті шараларды айқындайды. Банк Басқармасы берген өкілеттіктер шегінде ПБК проблемалық активтер бойынша берешекті қайтару мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

Банкте тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылатын, Директорлар кеңесіне, Банк Басқармасына комплаенс-тәуекелді, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға (бұдан әрі – ҚЖ/ТҚ) байланысты тәуекелді, операциялық тәуекелді, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін, ішкі бақылауды қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиісті түрде жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Банктің тәуекел-мәдениетін дамытуға қолдау көрсету қызметін жүзеге асыратын Үйлестіру комитеті жұмыс істейді.

Бюджеттік және операциялық басқару комитеті бюджет жобасын қалыптастыру процесін ұйымдастыру және үйлестіру, бюджеттің орындалуын бақылау және Банктің қаражатын бекітілген бюджет шегінде қайта бөлу мәселелерін қарау бойынша міндеттерді орындайды.

Тәуекел-менеджмент басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы

Тәуекел-менеджмент басшысы тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды, оларға мониторинг жүргізуді және бақылауды, тәуекелдерді басқару әдіснамасын әзірлеу мен қолдауды, тәуекел дәрежесі мен лимиттердің сақталуын бақылауды, сондай-ақ Басқармаға, Тәуекелдер комитетіне және Директорлар кеңесіне маңызды тәуекелдер мен тәуекел-бейіннің өзгерістері туралы уақтылы хабарлауды қоса алғанда, Банктің тәуекелдерін тәуелсіз басқаруды қамтамасыз етеді.

Бас комплаенс-бақылаушы комплаенс-тәуекелді басқару функцияларының орындалуы, комплаенс-бақылау бөлімшесінің комплаенс-талаптардың бұзылуының алдын алу процестері мен рәсімдерін және комплаенс-талаптардың бұзылуын жою бойынша түзету шараларының тиісті түрде іске асырылуы үшін жауапкершілік алады.

Тәуекел бөлімшелері және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелер

Тәуекел бөлімшелері және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелер бизнес-бөлімшелермен бірлесіп тәуекелдерді өлшеу (бағалау), бақылау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ Банктің тәуекел дәрежесін бақылау, саясаттар мен рәсімдер әдіснамасын әзірлеу, стресс-тестілеу жүргізу арқылы тұрақты негізде тәуекелдерді жедел басқаруды жүзеге асырады.

Кредиттік тәуекелді басқару бөлімшесі қарыз алушылар мен портфельдер бойынша кредиттік тәуекелді талдауды және бағалауды жүзеге асырады, төлем қабілеттілігін және болжамды кредиттік шығындарды бағалау әдіснамаларын әзірлейді әрі қолданады, қарыз алушылар, өнімдер мен операциялар түрлері бойынша лимиттерді белгілеу, мониторинг жүргізу және бақылау арқылы кредиттік тәуекелді басқарады, жаңа және өзгертілетін кредиттік өнімдердің тәуекел дәрежесі мен Банктің ішкі саясаттарына сәйкестігі тұрғысынан оларды келісуге қатысады, сондай-ақ алқалы басқару органдарының қарауына тұрақты есептілікті дайындайды.

Қаржылық тәуекелдер бөлімшесі нарықтық тәуекелдер, өтімділік тәуекелі, Банктің контрагентіне қатысты кредиттік тәуекел және капиталдың жеткіліктілігі тәуекелін басқару үшін жауапкершілік алады, сондай-ақ аталған тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарды әзірлейді. Бөлімше нарықтық тәуекелдерді және өтімділік тәуекелін бағалау мен болжау бойынша модельдерді әзірлейді, бақылау лимиттерін және ерте ескерту индикаторларын әзірлеуге жауап береді.

Операциялық тәуекелдер бөлімшесі операциялық тәуекелді, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін, ішкі бақылау тәуекелдерін басқаруға жауапты және аталған тәуекелдерді басқару бойынша тиісті ішкі құжаттарды әзірлейді.

Модельдік тәуекел бөлімшесі модельдік тәуекелді басқаруға жауап береді. Бөлімше аталған тәуекелді басқару бойынша ішкі құжаттарды әзірлейді және Банкте жаңадан әзірленген және қолданыстағы модельдерге тәуелсіз валидация жүргізеді.

Тәуекел бөлімшелері және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелер тәуекелдерді басқару және реттеушілік талаптарды сақтау мәселелері бойынша ақпаратты Банк басшылығының назарына жеткізеді.

Ішкі аудит

Банктегі тәуекелдерді басқару процестері олардың тиімділігін тексеретін ішкі аудит бөлімшесінің тәуелсіз бағалауынан өтеді. Бағалау нәтижелері бойынша ішкі аудит бөлімшесі өз қорытындылары мен ұсынымдарын Банктің Директорлар кеңесіне ұсынады.

Ұйымдастырушылық құрылым және «қорғаныстың үш желісі» моделі

Банктің тәуекелдер мен капиталды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың жалпы жүйесіне кіріктірілген және қорғаныстың үш желісі (*three lines of defence*) моделіне сәйкес келеді. Әрбір желінің өз рөлі мен міндеттері бар; тапсырмалардың орындалуы олардың орындалуын бақылаудан бөлінген. Желілер Банк қабылдайтын тәуекелдердің барлық елеулі түрлерін – кредиттік, нарықтық, операциялық, өтімділік тәуекелін, Банк қызметі үшін маңызды болып табылатын тәуекелдердің басқа түрлерін айқындау, бағалау және азайту мақсатында бірлесіп жұмыс істейді.

Қорғаныстың бірінші желісі – бизнес-бөлімшелер және олар уәкілеттік берген тұлғалар. Олар ағымдағы банктік қызмет шеңберіндегі тәуекелдерді қабылдайды және қызмет нәтижелері, операциялар мен мәмілелер, нормативтік талаптардың сақталуы мен тиісті қызметке ықпал ететін тәуекелдерді тиімді бақылау үшін басты жауапкершілік алады. Сонымен қатар, бірінші қорғаныс желісінің бөлімшелері жауапкершіліктерінің аясында қабылданатын тәуекелдер бойынша қаржылық және басқа есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына жауапты.

Тәуекел бөлімшелері, комплаенс-бақылау бөлімшесі, алаяқтықтың алдын алу бөлімшесі, заң бөлімшесі, қаржы бөлімшесі Банктің екінші қорғаныс желісін қалыптастырады. Аталған бөлімшелер:

- бірінші қорғаныс желісімен бірлесіп тәуекелдерді басқаруға жауапты болады – тәуекелге бейімділікті (тәуекел дәрежесін) тұжырымдайды, әдіснама мен саясаттарды әзірлейді, бизнес-бөлімшелердің тәуекелдерді бақылау рәсімдерін қолдайды және бақылайды;
- тәуекелдерді басқару рәсімдерін орындау және бақылау процестерін объективті талқылауды (даулауды) жүзеге асырады;
- тәуекелдерді басқару және реттеушілік талаптарды сақтау мәселелері бойынша ақпаратты Банк басшылығының назарына жеткізеді және Банк үшін қолайсыз тәуекел деңгейін тудыратын қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелерді Банктің алқалы органдарына жіберуге құқылы;
- тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша сандық және сапалық сипаттағы лимиттерді белгілейді.

Үшінші қорғаныс желісі — бірінші және екінші қорғаныс желілері орындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің сапасы мен тиімділігіне тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын ішкі аудит бөлімшесі.

2.2 Банк қызметінің негізгі түрлері және қабылданатын тәуекелдер

Банк қызметінің негізгі түрлері

Банк өз қызметін ҚНРДА берген лицензиясы негізінде жүзеге асырады және жеке әрі заңды тұлғаларға банктік қызметтердің ауқымды спектрін ұсынады. Негізгі басымдық қызметтерді офлайн-форматта көрсету мүмкіндігін сақтай отырып, кредиттік және операциялық процестерді цифрландыруды қамтамасыз ететін қашықтықтан қызмет көрсету арналарын (мобильді қолданбалар, интернет-ресурстар) дамытуды көздейді.

Банк белгіленген тәуекел дәрежесі шеңберінде бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ банкаралық нарықта қаражатты тартады және орналастырады. Қазынашылық бөлімшесі тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды және бақылауды қоса алғанда, бірінші қорғаныс желісінің функцияларын іске асыра отырып, өтімділікті, валюталық позицияны және инвестициялық портфельді басқаруға жауап береді.

Корпоративтік кредит беру шеңберінде бизнес-бөлімшелер тәуекелдерді басқару жүйесіне, белгіленген лимиттерге және ішкі саясаттарға сәйкес әрекет ете отырып, онлайн және офлайн форматта клиенттерді қаржыландыруды жүзеге асырады. Олар тәуекелдерді айқындау, бағалау және мониторинг жүргізу, екінші қорғаныс желісімен өзара әрекеттесу және Банктің тәуекел дәрежесін талаптарын сақтау үшін жауапты болады.

Офлайн-кредит беру қарыз алушы ұсынған құжаттар негізінде кешенді қаржылық талдау жүргізуді, төлем қабілеттілігін сараптамалық бағалауды және көпдеңгейлі келісуді және бейінді бөлімшелердің қатысуын қоса алғанда, жеке параметрлерді ескере отырып мәмілелерді құрылымдауды көздейді.

Корпоративтік клиенттерге онлайн нысанда кредит беру скорингтік модельдерді және шешім қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалануды қоса алғанда, жоғары деңгейде автоматтандырылған цифрлық өнімдер арқылы іске асырылады. Кредиттерді ресімдеу, мақұлдау және беру процестері электрондық цифрлық қолтаңбаны және құжаттаманы автоматты түрде қалыптастыруды қолдана отырып, қашықтықтан қосылу арналары арқылы жүзеге асырылады. Процестердің тиімділігін бақылау шешім қабылдау уақыты (time-to-yes) және кредит қаражатын алу уақыты (time-to-money) көрсеткіштері арқылы қамтамасыз етіледі.

Бөлшек кредит беру негізінен Банкке баруды қажет етпейтін толық қызмет көрсету циклін қамтамасыз ететін цифрлық нысанда жүзеге асырылады. Клиенттің кредиттік бейіні мемлекеттік көздерден және кредиттік бюролардан алынған деректер негізінде қалыптастырылады, бұл клиент тарапынан құжаттарды ұсыну қажеттілігін барынша азайтады.

Шешім кредит беру талаптарын икемді белгілеу мүмкіндігімен, нақты уақытқа жуық режимде скорингтік модельдер негізінде шешім қабылдаудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ШҚАЖ) арқылы қабылданады. Клиенттерге төлем кестелерін және кредиттің толық құнын қоса алғанда, өнімдердің параметрлері туралы ашық ақпарат беріледі. ШҚАЖ Банктің қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін автоматты түрде бағалау және берілген алгоритмдер, модельдер мен тәуекел-ережелер негізінде кредиттік өтінімдер бойынша шешімдер қабылдау үшін пайдаланатын ақпараттық жүйесі болып табылады. ШҚАЖ клиенттер туралы ішкі және сыртқы деректерді талдауды, скорингтік модельдерді қолдануды, белгіленген лимиттер мен өлшемдерге сәйкестігін тексеруді, сондай-ақ Банк қызметкерінің қатысуынсыз немесе қатысуының ең төменгі деңгейімен кредит беру туралы немесе одан бас тарту туралы шешімді қалыптастырады.

Банк ШҚАЖ пайдалану арқылы шешім қабылдау жылдамдығын арттыруға, тәуекелді бағалау рәсімдерінің біркелкілігі мен қайталануын қамтамасыз етуге, операциялық тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ тәуекел дәрежесі мен ішкі лимиттердің сақталуын бақылауға мүмкіндік алады.

Цифрлық кредит беру шеңберінде тәуекелдерді басқару бірінші қорғаныс желісінің шегінде іске асырылады және ол ішкі бақылау механизмдерін, антифрод-жүйелерді, деректерді валидациялауды, лимиттеуді, стоп-факторларды қолдануды және портфель сапасына тұрақты мониторинг жүргізуді (дефолт және мерзімі өткен төлемдер көрсеткіштерін қоса алғанда) қамтиды. Қажет болған жағдайда модельдер параметрлері мен кредиттік саясат шұғыл түрде түзетіледі.

Осылайша, Банк қызметі кредит беруді дамытуға, тұрақты ресурс базасын қалыптастыруға және бақыланатын тәуекел деңгейінде кірістілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Банк қызметінің негізгі түрлеріне төмендегілер жатады:

- ШОБ пен корпоративтік сегментті қоса алғанда, жеке және заңды тұлғаларға кредит беру;
- депозиттер мен шоттарға қаражат тарту;
- есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету;
- бағалы қағаздармен және қаржы құралдарымен операциялар;
- цифрлық банктік өнімдерді ұсыну;
- клиенттердің сыртқы экономикалық қызметін сүйемелдеу.

Қабылданатын тәуекел түрлері

Банк өз қызметін жүзеге асыру процесінде Банктің жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін ағымдағы, қолда бар тәуекелдерді, сол сияқты ықтимал тәуекелдерді айқындау және бағалау мақсатында сыртқы және ішкі ортаға үздіксіз негізде талдау жүргізеді.

Аталған талдау нәтижелері жүйеленеді, құжатталады және Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Нәтижелер бойынша Банкте Банк ұшырайтын тәуекелдер тізілімі, сондай-ақ іске асырылуы қаржылық тұрақтылықтың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін маңызды тәуекелдер тізбесі қалыптастырылады. Тәуекелдер тізілімі мен тізбесі нарықтағы өзгерістерді және Банк қызметінің дамуын ескере отырып, тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Банк маңызды тәуекелдер ретінде капитал жеткіліктілігі тәуекелдерін, кредиттік, нарықтық, операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ олардың ықпалын сандық және сапалық бағалау негізінде маңызды деп танылған басқа да тәуекелдерді бөліп көрсетеді.

Ішкі құжаттарға және рәсімдерге сәйкес барлық маңызды тәуекелдер бойынша Банк:

- тәуекел лимиттерін (тәуекел дәрежесін) бекіту, оларға тұрақты мониторинг пен бақылау жүргізу, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің бұзылу қаупі төнген жағдайда шара қабылдау және оларды шектеу бойынша шұғыл шара қабылдау рәсімдерінің болуы арқылы қабылданатын тәуекелдер көлемін шектеуді қолданады;
- олардың ішкі (экономикалық) капиталдың жеткіліктілігіне немесе өтімділік жеткіліктілігіне әсерін бағалауды, сондай-ақ оларды жабуға қажетті капиталды және өтімділікті резервтеуді жүргізеді;
- тәуекелдерді басқарудың ҚР заңнамасында көзделген барлық талаптарын іске асырады.

2.3 Маңызды тәуекелдерді басқару жүйесі

Капитал жеткіліктілігі тәуекелін басқару жүйесі

Банктегі капитал жеткіліктілігі тәуекелін басқару жүйесі Банк капиталы деңгейінің қабылданатын тәуекелдерге, реттеушінің талаптарына және Банктің даму стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған процестердің, рәсімдердің және құралдардың жиынтығын білдіреді. Аталған тәуекелді басқару реттеушілер талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады және капитал жеткіліктілігін сандық бағалауды да, оның құрылымы мен шығу көздерін сапалық басқаруды да қамтиды.

Капитал жеткіліктілігі тәуекелін басқару жүйесінің негізгі элементі реттеушілік коэффициенттерді (меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін қоса алғанда) және КЖІБП есептеу арқылы жүзеге асырылатын капитал жеткіліктілігін тұрақты бағалау болып табылады. КЖІБП шеңберінде Банк кредиттік, нарықтық, операциялық, өтімділік, шоғырлану тәуекелдерін және реттеушілер талаптарымен толық жабылмайтын тәуекелдердің басқа түрлерін қоса алғанда, барлық маңызды тәуекелдерді ескере отырып, капиталға қатысты жиынтық қажеттілікті айқындайды.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесі

Банк өзінің меншікті капиталының оны жабуға жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, активтер көлеміне, Банк операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін және кредиттік тәуекелді тиімді айқындауды, өлшеуді, мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз ететін кредиттік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесі Банктің кредиттік қызметі барысында туындайтын кредиттік тәуекелді тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған. Банк қолайлы кредиттік тәуекел деңгейін сақтап, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, банктік операциялардан жоғары кірістілік деңгейіне қол жеткізуге ұмтылады.

Кредиттік тәуекелді басқарудың негізгі элементтері Кредиттік саясат, Кредиттік тәуекелді басқару саясаты, андеррайтинг рәсімдері, кредиттік скоринг және ішкі рейтингтер жүйесі, тәуекелдерге лимит белгілеу, провизияларды (резервтерді) қалыптастыру, сондай-ақ кредиттік портфель сапасына тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады. Кредиттік тәуекелді басқару объективтілік, регламенттеу, шешімдерді алқалы түрде қабылдау, кредиттік тәуекелдер бөлімшелерінің тәуелсіздігі, шешім қабылдау тиімділігі, ҚР заңнамасына сәйкестік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекелді басқару құрылымы «Bottom up» және «Top down» тәсілдері негізінде тиісті өзара әрекеттесуді және бақылауды қамтамасыз етеді:

«Bottom up» (төменнен жоғары қарай) тәсілінің шеңберінде Директорлар кеңесіне, Тәуекелдер комитетіне және Басқармаға кредиттік портфельдің құрылымы, кредиттік тәуекел деңгейі, оны бағалау нәтижелері, қолданылатын басқару шаралары, активтердің сапасы мен кредиттік шығындар деңгейі туралы ақпарат ұсынылады.

«Top down» (жоғарыдан төмен қарай) тәсілі Банктің стратегиялық мақсаттары мен тәуекел дәрежесін, Кредиттік саясатты, Кредиттік тәуекелді басқару саясатын, лимиттерді және басқа да ішкі құжаттарды Банктің бірінші және екінші қорғаныс желілері бөлімшелерінің орындауына жеткізуді, басқарушылық мақсаттар мен міндеттерді тапсыруды, сондай-ақ олардың мониторингі мен бақылауын қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, кредиттік шешімдерді қабылдау және сүйемелдеу барысында бақылау функциясы мәселелері бойынша бизнес-бөлімшелерді, тәуекелдер бөлімшелерін және басқа да бөлімшелерді қоса алғанда, бірінші және екінші қорғаныс желілері арасындағы өзара әрекеттесуді көздейтін тәсіл қарастырылған.

Кредиттік тәуекелді басқару кредиттік тәуекелді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша оны болдырмау/азайту мақсатындағы алдын алу шараларын, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қабылдаудан тұрады. Осыған байланысты, кредиттік тәуекелді басқару жүйесі шеңберінде Банк кредиттік тәуекелді барынша азайтуға бағытталған кредиттік тәуекелді айқындаудың, өлшеудің, мониторинг жүргізудің және бақылаудың негізгі рәсімдерін қолданады, оларға мыналар кіреді:

1) қарыз алушылар, олардың қаржылық жағдайы, төлем қабілеттілігі және кредиттік тарихы туралы ақпаратты жинау және талдау;

2) ішкі модельдер мен әдістемелерді (соның ішінде скорингтік модельдерді) пайдалана отырып, қарыз алушылардың/контрагенттердің төлем қабілеттілігін бағалау;

3) лимиттерді белгілеу;

4) белгіленген өкілеттіктер, лимиттер мен рәсімдер (кредиттік комитеттердің жұмысын қоса алғанда) шеңберінде кредиттік шешімдерді қабылдау;

5) кредиттік портфельді қалыптастыру және оған мониторинг жүргізу, соның ішінде қарыз алушыларға, өзара байланысты қарыз алушылар топтарына, салалар мен өнім түрлеріне лимиттер белгілеу;

6) берешекке қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізу, қарыз алушылардың қаржылық жағдайының нашарлауын ерте айқындау және осыған байланысты әрекеттерді орындау шараларын қолдану;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының және қолданылатын стандарттардың (ХҚЕС қоса алғанда) талаптарына сәйкес активтерді жіктеу және провизияларды (резервтерді) қалыптастыру;

8) кепіл мүлкін бағалауды, мониторинг жүргізуді және қайта бағалауды қоса алғанда, кредиттер бойынша қамтамасыз етуді басқару;

9) кредиттік портфельге стресс-тестілеу және сценарийлік талдау жүргізу;

10) ішкі және сыртқы аудиторлық тексерулердің нәтижелерін, сондай-ақ ҚНРДА және (немесе) ҚРҰБ жүргізген тексеру нәтижелерін пайдалану;

11) тәуекелді басқару рәсімдерін жетілдіру мақсатында кредиттік оқиғалар бойынша деректер базасын жүргізу және кредиттік шығындарды талдау.

Осылайша, жүйе қарыз алушылардың/контрагенттердің төлем қабілеттілігін тұрақты бағалауды, олардың қаржылық жағдайының нашарлау белгілерін ерте айқындауды, стресс-тестілеу жүргізуді және ықтимал шығындарды азайту бойынша уақтылы шаралар қабылдауды көздейді. Ішкі бақылау, тәуелсіз тексеру (тәуекел-менеджмент және ішкі аудит функцияларын қоса алғанда), сондай-ақ заманауи талдамалық әдістемелер мен модельдерді пайдалану маңызды рөл атқарады. Кредиттік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі кірістілік пен тәуекелдің теңгерімді арақатысын қамтамасыз етеді, ұйымның қаржылық тұрақтылығын қолдауға ықпал етеді және қолданыстағы заңнама мен халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді.

Кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша қосымша ақпарат тәуелсіз аудитордың («Эрнст энд Янг» ЖШС) Банктің 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жеке қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есебінде көрсетіледі.

Нарықтық тәуекелді басқару жүйесі

Нарықтық тәуекелді басқару жүйесі нарықтық өлшемдердің (пайыздық мөлшерлемелердің, валюта бағамдарының, қаржы құралдары мен тауарлар бағасының, басқа да факторлардың) қолайсыз өзгерістері нәтижесінде туындайтын нарықтық тәуекелдерді айқындауға, бағалауға, мониторинг жүргізуге және шектеуге бағытталған өзара байланысты рәсімдердің, құралдардың және процестердің жиынтығын білдіреді.

Нарықтық тәуекелді басқару жүйесі шеңберінде нарықтық құбылмалылық (волатильдік) әсеріне ұшырайтын елеулі позициялар бойынша нарықтық тәуекелді сәйкестендіру жүзеге асырылады, осыдан кейін әдістер мен тәсілдерді, соның ішінде Value-at-Risk/Expected shortfall, стресс-тестілеуді, тәуекел факторларына сезімталдықты пайдалана отырып, тәуекелді сандық бағалау жүргізіледі. Нарықтық тәуекелді басқару шеңберінде Тәуекел дәрежесін мәлімдеуге, Банктің Нарықтық тәуекелді басқару саясатына сәйкес қабылданатын тәуекелді шектеуді қамтамасыз ететін қаржы құралдары, портфельдер бөлінісінде тәуекел дәрежесі деңгейлері мен лимиттер белгіленеді.

Операциялық тәуекелді басқару жүйесі

Операциялық тәуекелді басқару жүйесі Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметіне байланысты операциялық тәуекелді тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Банк операциялық тәуекелдің жол берілетін деңгейін сақтай отырып, өз қызметі нәтижесінде тұрақты жоғары кіріс деңгейіне қол жеткізуге ұмтылады. Банк заңнамалық талаптарға қайшы келмейтін негізді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сенімді, тиімді әрі жан-жақты операциялық тәуекелді басқару жүйесін пайдалануды көздейді.

Операциялық тәуекелді басқару құрылымы вертикальды және горизонтальды бағытта ақпараттың барабар ағынын қамтамасыз етеді. Бұл ретте төменнен жоғары қарай түсетін ақпарат Директорлар кеңесі мен Тәуекелдер комитетін операциялық тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, әрекет ету әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төмен қарай бағытталатын ақпарат ішкі құжаттарды бекіту, тапсырма беру арқылы мақсаттар мен қойылған міндеттерді жеткізуді қамтамасыз етеді. Ақпаратты горизонтальды бағытта беру Банктің бірінші қорғаныс желісі мен екінші қорғаныс желісі ретінде белгіленген дербес құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттесуді білдіреді.

Директорлар кеңесі операциялық тәуекелді басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында операциялық тәуекелге қатысты тәуекел дәрежесі деңгейін жүйелі түрде қайта қарай отырып бекітеді және оны бақылайды.

Банктің тәуекел-мәдениеті операциялық тәуекелді басқару жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Директорлар кеңесі операциялық тәуекелді басқарудың тәуекел-мәдениетін қалыптастыруға, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: қолданысы Банктің ұйымдастырушылық құрылымының барлық деңгейлерін қамтитын ішкі құжаттарын қарауға және бекітуге, Банктің барлық қызметкерлерінің операциялық тәуекелді басқару жүйесі мен оның құрамдас бөліктері туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге, Банктің операциялық тәуекелдерге ұшырау дәрежесі бөлігінде басқарушылық есептілікті қарауға, сондай-ақ қажет болған жағдайда тиісті тапсырмаларды қалыптастыруға, үш қорғаныс желісінің қалыптасуын қамтамасыз етуге жауапты.

Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесі

Банк сыртқы операциялық ортаға, Банк стратегиясына, ұйымдастырушылық құрылымына, активтер көлеміне, Банк операцияларының сипаты мен күрделілік деңгейіне сәйкес келетін және ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін

барынша азайтуға бағытталған ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

Банк ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін операциялық тәуекелдің санаттары ретінде қарастырады. Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің мақсаты – бизнес-процестердің тұрақтылығын, ақпараттық активтердің сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау және ықтимал шығындарды жабу үшін капиталдың жеткіліктілігін қолдау.

Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару стратегиясы тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген, жалпы банктік тәуекелдерді басқару жүйесіне енгізілген, бекітілген тәуекел дәрежесімен келісілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және халықаралық стандарттардың талаптарын ескереді.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі

Банкте ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, активтер көлеміне, Банк операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі енгізілген.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі технологиялық іркілістер мен кибероқиғалардың, сондай-ақ тосын жағдайлар тәуекелдерінің сценарийлерін қамтиды. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі Банктің тәуекелдерді басқару рәсімдеріне енгізілген.

Банк қызметке қатысты ықпалды (BIA) тұрақты талдайды, ол төмендегіні айқындайды:

- 1) қызметтің маңызды түрлерінің тізбесін;
- 2) RTO (Recovery time objective – қалпына келтірудің мақсатты уақыты, стандартты емес немесе төтенше жағдай туындаған кезден бастап қызмет түрін/АТ-жүйені қалпына келтіруге қажет болатын уақыт аралығы) және RPO (Recovery point objective – қалпына келтірудің мақсатты нүктесі, стандартты емес немесе төтенше жағдай туындаған кезге дейінгі деректердің жоғалуына жол берілетін максималды уақыт аралығы) мақсатты көрсеткіштерін;
- 3) күтпеген жағдайлар туындаған кезде маңызды қызмет түрлерін қайта бастауға және қолдауға қажетті ресурстарды.

BIA нәтижелері АТ-сервистерін қалпына келтіруді басымдығын белгілеу және резервтеу деңгейін айқындау үшін пайдаланылады.

Банк маңызды қызмет түрлерінде және олар пайдаланатын ресурстардағы ықтимал қатерлер мен әлсіз тұстарды бағалауға мүмкіндік беретін күтпеген жағдайлар тәуекелдеріне талдау жүргізеді.

Банкте Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және оны қалпына келтіру жоспары (BCP), Ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру жоспары (DRP), сондай-ақ дағдарыстық басқару рәсімдері бекітілген.

Банк BCP және DRP жоспарларына мерзімді түрде тестілеу жүргізеді. Тестілеу нәтижелері құжатталады, анықталған кемшіліктер қысқа мерзімде жедел жойылады.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі шығындардың ықтималдығы мен ауқымын азайтады және тосын жағдайлардың қаржылық әсерін шектейді.

Ішкі бақылау жүйесі

Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, активтер көлеміне, Банк операцияларының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Банктің ішкі бақылау жүйесі келесі мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- 1) банктік тәуекелдерді, активтер мен пассивтерді басқару тиімділігін, активтердің сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Банк қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету;
- 2) ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық, реттеушілік және басқа да есептіліктің толықтығын, сенімділігін және уақтылы берілуін, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) Банктің Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы, валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер

мен төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозитке міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4) Банкті және оның қызметкерлерін, Банк клиенттерін құқыққа қайшы қызметті, соның ішінде алаяқтықты, алдауды, КЖ/ТҚ, есірткінің заңсыз өндірісін, айналымын және (немесе) транзитін жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағында КЖ/ТҚ жоғары тәуекелі бар операцияларды жүргізуге байланысты операцияларды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағында «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайтын, цифрлық активтер платформасын басқару бойынша қызметтер көрсететін цифрлық активтер биржаларында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді кейіннен сатып алуға байланысты операцияларды жүзеге асыруға, электрондық казино мен интернет-казино пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ жиырма бір жасқа толмаған жеке тұлғалардың ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуге тартуға жол бермеу.

Тиімді ішкі бақылау тиісті басқарушылық бақылауды және бақылау мәдениетін (бұдан әрі – бақылау ортасы) қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бақылау ортасын акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және Банктің басқа алқалы органдары әдеп қағидаттарын, кәсіби қызмет пен корпоративтік басқару стандарттарын ұстану негізінде қалыптастырады.

Банк өзгеріп отыратын ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, ішкі бақылауды жетілдіруге қажетті шараларды қабылдайды.

Басқа да елеулі тәуекелдерді басқару

Қызмет үшін маңызды деп танылатын тәуекелдердің барлық түрлері бойынша Банк мыналарға негізделген тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйелерін құрады:

- заңнаманың тиісті тәуекел түрін басқаруға қатысты қолданылатын талаптарына (бар болса);
- тәуекелдерді басқару бойынша халықаралық стандарттар мен бенчмарктерге, мысалы COSO ERM;
- Холдингтің компаниялар тобының тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттарына;
- Банктің тәуекелдерді басқарудың жалпы қағидаттары мен тәсілдеріне, мысалы үш қорғаныс желісі моделіне, корпоративтік басқару қағидаттарына.

Тәуекелдерді басқару жүйелері маңызды тәуекелдің нақты түрінің ерекшелігі ескеріле отырып әзірленеді және төмендегілерді қамтиды:

- тәуекелдерді айқындаудың, бағалаудың, басқарудың және бақылаудың қажетті процестері, әдістері мен тәсілдері жиынтығын;
- саясаттарды, рәсімдерді және басқа ішкі құжаттарды қоса алғанда, регламенттеуші базаны;
- бөлімшелердің үш қорғаныс желісі моделі және уәкілетті алқалы органдар шеңберіндегі айқын белгіленген рөлдері мен міндеттерін, сондай-ақ қажетті ресурстарды (кадрлық, техникалық);
- қатысушылар, басқарушылық есептілік және эскалация арасындағы өзара байланыстың жолға қойылған жүйесін.

Банк маңызды тәуекелдерді басқаруды барлық деңгейлердегі бизнес-процестерге және шешімдер қабылдау процестеріне енгізеді.

2.4 Модельдік тәуекелдерді басқару және модельдерді валидациялау

Банк модельдік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіреді және оны тәуекелдерді әрі капиталдың жеткіліктілігін басқару жүйесінің ажырамас элементі ретінде тани отырып, оны дамытуға елеулі ресурстар бағыттайды. Кредиттік тәуекелді бағалау, провизияларды

қалыптастыру, қаржылық көрсеткіштерді болжау және капиталдың жеткіліктілігін бағалау кезінде сандық модельдер белсенді қолданылатын жағдайда модельдік тәуекелді тиімді басқару қабылданатын шешімдердің сенімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Банкте Модельдік тәуекелді басқару саясатын, модельдердің әртүрлі түрлерін (соның ішінде бинарлы классификация модельдерін, регрессиялық модельдерді, күтілетін кредиттік шығындарды бағалау модельдерін және нарықтық тәуекелдерді бағалау модельдерін) тәуелсіз валидациялау әдістемелерін, сондай-ақ модельдер тізілімін жүргізу процедураларын қоса алғанда, модельдердің толық қолданылу циклі барысында модельдік тәуекелді басқару процестерін реттейтін ішкі құжаттар кешені қолданылады.

Модельдік тәуекелдерді басқару жүйесі Модельдер тізілімінде модельдерді орталықтандырылған есепке алуды, модельдерді маңыздылық деңгейі бойынша жіктеуді, оларды енгізуге дейін және пайдалану процесінде сапасына тәуелсіз валидация жүргізуді, модельдердегі өзгерістерді бақылауды, сондай-ақ ықтимал шектеулер мен кемшіліктерді уақтылы анықтауды қамтамасыз етеді.

Модельдерді тәуелсіз валидациялау модельдердің тұжырымдамалық негізділігін, қолданылатын деректердің сапасын, әдістеменің дұрыстығын, нәтижелердің тұрақтылығын және модельдердің оларды қолдану мақсаттарына сәйкестігін растауға бағытталған. Валидация нәтижелері модельдерді енгізу, қолданыстағы модельдерге өзгерістер енгізу және модельдік тәуекелді оңтайландыру бойынша қажетті іс-шараларды айқындау туралы шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылады.

Банк қолданатын модельдік тәуекелдерді басқару тәсілі кредиттік тәуекелді бағалаудың сенімділігін, капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың шынайылығын және тұтастай алғанда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

2.5 Тәуекелдерді басқару рәсімдері(анықтау, өлшеу, бақылау, мониторинг)

Банктің тәуекел-менеджмент жүйесі тәуекелдерді басқарудың кешенді әрі жүйелі тәсіліне негізделген. Тәуекелдерді басқару Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттары мен тәуекелдерді басқару саясаттары негізінде жүзеге асырылады.

Банктегі тәуекелдерді басқару қабылданатын тәуекелдер деңгейін шектеуге және барынша азайтуға, сондай-ақ ықтимал шығындарды жабу үшін капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялар мен процестердің жиынтығы болып табылады.

Тәуекелдерді анықтау

Тәуекелдерді анықтау (сәйкестендіру) Банк қызметінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады және банктік өнімдерді әзірлеуді, мәмілелер жасау талаптарын қарауды, клиенттермен және контрагенттермен операциялар жүргізуді қоса алғанда, барлық негізгі бизнес-процестерді қамтиды.

Сәйкестендіру процесі банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу, клиенттердің (қарыз алушылардың, контрагенттердің) қаржылық жағдайын талдау, кредиттік мәмілелер мен операциялардың талаптарын қарау, клиенттер бойынша ақпарат пен құжаттарды дайындау кезінде тәуекел факторларын анықтауды көздейді. Тәуекелдерді бастапқы анықтау жауапкершілігі қорғаныстың бірінші желісінің бөлімшелеріне – өздерінің операциялық қызметі шеңберінде тәуекелдерді қабылдайтын бизнес-бөлімшелерге және Банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі. Анықталған тәуекелдер кейіннен бағалау және бақылау жүргізу мақсатында қорғаныстың екінші желісінің бөлімшелеріне жеткізіледі.

Тәуекелдерді өлшеу және бағалау

Тәуекелдерді өлшеу және бағалау тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтері болып табылады және Банктің тәуекелдердің әртүрлі түрлеріне ұшырау деңгейін, сондай-ақ қолайсыз өзгерістердің (оқиғалардың) Банктің қаржылық тұрақтылығына ықтимал әсерін сандық және сапалық тұрғыдан айқындауға бағытталған.

Тәуекелдерді өлшеу олардың жүзеге асу ықтималдығы мен ықтимал шығындардың (залалдың) шамасы ескеріле отырып жүргізіледі, бұл тәуекелдерді олардың елеулі болу дәрежесі бойынша жіктеуге және басқару басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді бағалау тәуекел факторларын сәйкестендіруді, релевантты деректерді жинауды және талдауды, сондай-ақ бағалау әдістемесі мен модельдерін қолдануды қамтитын кешенді тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Тәуекелдің табиғаты мен маңызды болуына қарай сандық әдістер мен модельдер (статистикалық талдау, ықтималдық үлестірім модельдері, Value-at-Risk, Expected shortfall, резервтерді қалыптастыру, стресс-тестілеу, GAP-талдау, тәуекелдерге ұшыраудың ерте анықтау индикаторлары және т.б.) мен сапалық тәсілдер (сараптамалық бағалау, сценарийлік талдау) қолданылады. Тәуекелдерді бағалау процедурасы ағымдағы тәуекелдерді үздіксіз талдауға, жаңа және ықтимал тәуекелдерді анықтауға негізделген. Барлық анықталған (сәйкестендірілген) тәуекелдерге қатысты олардың Банктің қаржылық жағдайына немесе қызметіне ықпалын бағалау жүргізіледі. Маңызды тәуекелдер Маңызды тәуекелдер тізбесіне енгізіледі.

Жүйе шеңберінде сыртқы және ішкі ортаның өзгерістері, соның ішінде макроэкономикалық жағдайлар, нарықтық конъюнктура, Банктің бизнес-моделі мен тәуекел-бейіні ескеріле отырып, тәуекелдерді тұрақты қайта бағалау қамтамасыз етіледі. Бағалау нәтижелері тәуекел дәрежесінің деңгейлерін, лимиттерді белгілеу, резервтерді қалыптастыру, стресс-тестілеу жүргізу және Директорлар кеңесі және (немесе) Банк Басқармасының басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін пайдаланылады.

Тәуекелдерді шектеу және бақылау

Тәуекелдерді шектеу және бақылау лимиттер жүйесі, келісу процедуралары және көпдеңгейлі шешім қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Белгіленген лимиттер мен тәуекел дәрежесі деңгейлерінің сақталуын бақылау басқарудың барлық деңгейлерінде жүргізіледі.

Тәуекелдерді шектеу жүйесі шеңберінде салалар, құралдар, портфельдер мен контрагенттер бөлінісінде тәуекелдердің барлық маңызды түрлері бойынша лимиттер мен нормативтер белгіленеді. Тәуекел дәрежесі туралы мәлімдеме шеңберінде лимиттер Банктің қаржылық тұрақтылығы, қолжетімді капитал деңгейі, тәуекелдерді бағалау нәтижелері мен стратегиялық мақсаттар ескеріле отырып қалыптастырылады, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі тарапынан тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылады және белгіленген лимиттердің сақталуына мониторинг жүргізуді, олардың ықтимал асып кету себептерін талдауды және түзету шараларын қабылдауды қамтиды. Банкте лимиттердің бұзылуына қатысты әрекет ету және эскалациялау процедуралары, соның ішінде Директорлар кеңесіне, Тәуекелдер жөніндегі комитетке, Басқармаға, Активтер мен пассивтерді басқару комитетіне және басқа алқалы органдарға хабарлау, сондай-ақ қажет болған жағдайда операцияларды жүргізуге шектеулер енгізу көзделген.

Осыған қоса Банк тәуекел-бейіннің нашарлау белгілерін уақтылы анықтауға және превентивті шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін тетіктерді пайдалана алады. Бақылау нәтижелері тұрақты басқарушылық есептілікте көрсетіледі және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылады.

Ұйымдастырушылық құрылым тәуекелді бақылау функциясының тәуекелді қабылдайтын бөлімшелерден тәуелсіздігін, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктің анық бөлінуін қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді шектеу және бақылау процестері тәуекел-менеджменттің жалпы жүйесіне енгізілген және ішкі саясаттарға, ҚНРДА талаптары мен халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Тәуекелдер мониторингі және есептілік

Тәуекелдер мониторингі және есептілік қабылданатын тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін үздіксіз бақылау, сондай-ақ негізделген

шешімдер қабылдау үшін басқару органдарын уақтылы хабарладар ету процестері болып табылады.

Тәуекелдер мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі және тәуекелдердің барлық маңызды түрлерін, соның ішінде негізгі көрсеткіштер динамикасын талдауды, лимиттер мен нормативтердің сақталуын, сондай-ақ тәуекел-бейіннің нашарлауының ерте индикаторларын (early warning indicators) қадағалауды қамтиды. Лимиттер қызметті жүргізу стратегиясын, Банк жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді. Белгіленген параметрлерден және Банктің қаржылық тұрақтылығына кері әсерін тигізуі мүмкін үрдістерден ауытқуларды анықтауға ерекше көңіл бөлінеді. Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты тәуекелдерге қатысты жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Жүйе шеңберінде ауытқу себептеріне тұрақты талдау жүргізу және түзету шаралары бойынша, соның ішінде лимиттерді қайта қарауды, портфель құрылымын өзгертуді және бизнес-процестерді түзетуді қамтитын ұсыныстар қалыптастыру көзделген.

Тәуекелдер бойынша есептілік басқарудың әртүрлі деңгейлерінің қажеттіліктерін ескере отырып, тұрақты негізде қалыптастырылады. Есептерде тәуекелдердің ағымдағы деңгейі, лимиттердің пайдаланылуы, стресс-тестілеу нәтижелері, сондай-ақ тәуекел-бейіннің негізгі өзгерістері туралы агрегатталған және жан-жақты ақпарат қамтылады. Есептіліктің форматтары мен мазмұны реттеушілік талаптарға және сыртқы мүдделі тараптардың, соның ішінде ҚНРДА-ның болжамдарына сәйкес келеді.

КЖІБП ықтимал кемшіліктерін және жетілдіру жолдарын анықтау мақсатында кредиттік және нарықтық тәуекелдерді бағалау модельдерін валидациялау және процестерді диагностикалау арқылы тұрақты негізде тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Бағалау нәтижелері Басқарманың, Тәуекелдер комитетінің және Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

2.6 Банктің тәуекел дәрежесін айқындау, сондай-ақ ағымдағы және ықтимал тәуекелдер

Тәуекел дәрежесі стратегиясы және Тәуекел дәрежесін мәлімдеу Банктің тәуекел дәрежесін айқындайтын негізгі ішкі құжаттар болып табылады. Тәуекел дәрежесі стратегиясы Банктің жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде оның қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын тәуекелдер көлемінің шектерін айқындайды, сондай-ақ тәуекелдердің жүзеге асуына жол бермеу немесе олардың Банктің қаржылық жағдайына кері әсерін барынша азайту, сонымен бірге оның сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында қызметтің тәуекел-бейінін айқындайды. Тәуекел дәрежесін мәлімдеу шеңберінде Директорлар кеңесі Банктің Даму стратегиясын іске асыру кезінде Банк қабылдауға дайын немесе болдырмауға ниетті елеулі тәуекелдердің агрегатталған деңгейлерін (тәуекелдің жол берілетін мөлшерінің лимиттерін) белгілейді.

Банктің тәуекел дәрежесін мәлімдеуін өзектендіру Банктің жыл сайынғы бизнес-жоспарлауы шеңберінде жүргізіледі және Банктің Директорлар кеңесімен бекітіледі. Тәуекел дәрежесін мәлімдеуін жоспардан тыс өзектендіру экономикалық жағдай айтарлықтай өзгерген, дамудың стратегиялық бағыттары қайта қаралған немесе ҚНРДА мен ҚРҰБ талаптары өзгерген кезде және Банктің басқару органы тиісті шешім қабылдаған жағдайда өзге себептер бойынша жүргізілуі мүмкін.

Банктің тәуекел дәрежесі тәуекелдерді сәйкестендіру процесінің нәтижелері бойынша айқындалған Банк үшін барлық маңызды тәуекелдерді қамтиды. Тәуекел дәрежесі сандық көрсеткіштер және сапалық сипаттағы мәлімдемелер арқылы көрсетіледі:

- сандық көрсеткіштер Банктің агрегатталған тәуекел деңгейлері үшін, сондай-ақ сандық әдістермен бағаланатын әрбір маңызды тәуекел үшін айқындалады;
- сапалық көрсеткіштер сандық тұрғыдан бағалануы мүмкін емес маңызды тәуекелдер (қаржылық емес тәуекелдер) үшін айқындалады.

Банктің Директорлар кеңесі маңызды тәуекелдің әрбір түрі бойынша тәуекел дәрежесінің агрегатталған деңгейлерін белгілейді.

Әрбір сандық көрсеткіш бойынша тәуекел дәрежесінің келесі деңгейлері айқындалады:

1) жасыл деңгей түзету шараларын қолдануды талап етпейді;
2) сары деңгей жол берілетін деңгей ретінде айқындалған, бірақ тәуекел деңгейін төмендету мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданыстағы рәсімдеріне жекелеген түзету шараларын енгізуді талап етеді;

3) қызыл деңгей жоғары деңгей ретінде айқындалған, Банктің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігінің нашарлауына жол бермеу мақсатында тиісті шараларды қолдануды талап етеді.

Тәуекел дәрежесінің деңгейлерін айқындау процедурасы келесі компоненттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- Банктің тәуекел дәрежесінің деңгейлерін сипаттайтын сандық және сапалық параметрлерді есептеу мен айқындаудың ішкі тәртібі;
- Тәуекел дәрежесінің деңгейлерін есептеу мен айқындау үшін пайдаланылатын ақпарат пен материалдар, әдістер мен құралдар;
- Банктің тәуекел дәрежесінің деңгейлерін есептеуге және айқындауға қатысатын, сондай-ақ белгіленген тәуекел дәрежесі деңгейлерін бақылауға және оған мониторинг жүргізуге жауапкершілік алатын Банктің жауапты тұлғалары және (немесе) бөлімшелері;
- бекітілген тәуекел дәрежесінің деңгейлеріне түзетулер енгізілетін талаптар.

3. БАНКТІҢ МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТЫ (КАПИТАЛЫ): ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ

Банктің меншікті капиталы қаржылық тұрақтылықтың негізгі көзі болып табылады және банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты ықтимал шығындарды жабуға арналған. Банктің реттеушілік капиталының құрылымы ҚНРДА талаптарына сәйкес айқындалады.

1-кесте.

Меншікті капиталдың 31.12.2025 ж. жағдай бойынша құрылымы

мың теңге	
Капитал компоненттері	31.12.2025 ж. бойынша
Бірінші деңгейдегі капитал	235 893 342
Төленген жай акциялар	111 856 152
Қосымша төленген капитал	2 400 340
Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы	118 264 688
Ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы	12 212 408
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері	858 739
Материалдық емес активтер	(9 698 985)
Екінші деңгейдегі капитал	–
Меншікті капитал	235 893 342

Банк капиталының 1-кестеде ұсынылған құрылымы 31.12.2025 ж. жағдай бойынша негізгі капиталдың жоғары үлесімен және екінші деңгейдегі құралдардың болмауымен сипатталады, бұл капиталдандырудың консервативті әрі тұрақты моделін білдіреді.

Бірінші деңгейдегі капитал 235,9 млрд теңгені құрайды және Банктің меншікті капиталын толықтай қалыптастырады. Оның құрылымындағы негізгі үлесті төмендегілер алады:

өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы – 118,3 млрд теңге (капиталдың 50%-на жуық), бұл Банктің жинақталған табыстылығын және тұрақты қаржылық нәтижелерді қалыптастыру қабілетін көрсетеді;

төленген жай акциялар – 111,8 млрд теңге (47% жуық), бұл акционерлік капиталдың тұрақты капитал базасын қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді;

ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы – 12,2 млрд теңге, бұл ағымдағы қызмет есебінен капиталды нығайтады;

қосымша төленген капитал – 2,4 млрд теңге;

негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері – 0,8 млрд теңге.

Бұл ретте бірінші деңгейдегі капиталдан 9,7 млрд теңге мөлшеріндегі материалдық емес активтер шегерілген, бұл реттеушілік талаптарға сәйкес келеді және өтімділігі төмен және қорғаныстық қабілеті азырақ компоненттерді алып тастау есебінен капитал сапасын арттырады.

Екінші деңгейдегі капитал жоқ, бұл Банктің субординацияланған қаржылық құралдарды немесе қосымша капиталдың өзге шығу көздерін пайдаланбайтынын білдіреді. Нәтижесінде меншікті капитал базасы ең сапалы әрі тұрақты бірінші деңгейдегі капиталмен ұсынылған.

Банктің меншікті капиталы есептік күнге сәйкес 235,9 млрд теңгені құрайды және бірінші деңгейдегі капиталға толық сәйкес келеді.

Капитал құрылымы жоғары сапамен, жинақталған пайданың елеулі үлесімен және субординацияланған құралдарға тәуелділіктің болмауымен сипатталады. Бұл Банктің ықтимал шығындарды жабу және ұзақ мерзімді перспективада қаржылық тұрақтылықты сақтау бойынша жоғары қабілетін көрсетеді.

3.1. Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы өлшемдері мен тәсілдері

Банктің меншікті капиталын басқару қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді, ҚНРДА талаптарын сақтауды, Банктің қызметті үздіксіз жүзеге асыру қабілетін қолдауды, сондай-ақ бекітілген даму стратегиясын іске асыру және бизнес-жоспарларды орындау үшін жеткілікті капитал базасын құруды көздейді.

Капиталды басқарудың негізгі мақсаттары:

- қызметтің сыртқы және ішкі жағдайлары өзгерген кезде қабылданатын тәуекелдерді жабуға және Банктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті капиталдандыру деңгейін қолдау;
- нормативтік шектеулерді бұзбай бизнестің жоспарлы өсу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- табыстылықты, ресурстардың құнын және акционерлердің мүдделерін ескере отырып, капиталдың оңтайлы құрылымын қолдау;
- қосымша капиталға деген ықтимал қажеттілікті уақтылы анықтау және оны жабудың ықтимал көздерін айқындау;
- тәуекелдерді қабылдау мен тәуелсіз бақылау функцияларын бөлуді қамтамасыз ететін қорғаныстың үш желісі моделінің қағидаттарын сақтау;
- капитал құралдары мен шығу көздерін тарту нысандары бойынша диверсификациялауды қамтамасыз ету;
- стресс-сценарийлер жүзеге асқан жағдайда капитал жеткіліктілігінің талап етілетін деңгейін қолдау;
- белгіленген пруденциалдық нормативтерден тыс капиталдың ішкі басқарушылық буферін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды сақтау.

Капиталды жоспарлау Банктің стратегиялық жоспарлауы мен бюджеттеуінің бірыңғай процесі шеңберінде жүзеге асырылады және Банкті дамытудың қаржылық моделіне біріктірілген: Банктің 1 (бір) жылға арналған бюджетін әзірлеу, Банктің кемінде 3 (үш) жыл кезеңіне арналған Даму стратегиясын әзірлеу, қаржылық модельдерді құру шеңберінде және қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

Банктің Даму стратегиясы мен бюджетін қалыптастыру кезінде капитал жеткіліктілігінің негізгі коэффициенттері, экономикалық капитал және маңызды тәуекелдер бойынша тәуекел дәрежесінің деңгейлері болжанады. Бюджеттік/стратегиялық жоспарлау процесінде қабылданған тәуекелдердің ағымдағы деңгейін жабуға қажетті капиталға ағымдағы қажеттіліктерді, капитал құрылымы мен оның көздерін айқындау, сондай-ақ Банк

стратегиясына сәйкес тәуекелдерді жабу үшін қосымша капитал тартудың ықтимал қажеттіліктерін айқындау жүзеге асырылады.

Капиталды жоспарлау келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

1) Банктің бастапқы позициясын бағалау: капиталдың ағымдағы мөлшері мен құрылымы, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері, тәуекелге сараланған активтердің динамикасы, табыстылық және Банктің капиталдандыруына әсер ететін басқа факторлар талданады;

2) болжамды қаржылық модельді қалыптастыру: активтердің өсуін, портфель құрылымының өзгеруін, ресурстарды тарту көлемін, кірістер, шығыстар және күтілетін қаржылық нәтижені қоса алғанда, стратегиялық бағдарлар мен бюджеттік параметрлер негізінде Банктің қаржылық көрсеткіштерінің болжамы қалыптастырылады бар;

3) капитал базасын болжау: қаржылық модельде пайданы капиталдандыруды, резервтердің өзгеруін, қайта бағалауды және капитал шамасына әсер ететін басқа факторларды ескере отырып, капиталдың болжамды динамикасы есептеледі;

4) капитал қажеттілігін бағалау: капиталдың болжамды көлемін бизнестің өсуінен, активтер құрылымының өзгеруінен және нормативтік талаптардан туындаған қажеттілікпен салыстыру жүргізіледі, базалық сценарийде, сол сияқты дамудың баламалы сценарийлері жүзеге асқан кезде капитал жеткіліктілігі бағаланады;

5) басқарушылық шараларды айқындау: капиталдың ықтимал тапшылығы анықталған жағдайда бизнестің өсу қарқынын түзетуді, активтер құрылымын өзгертуді, пайданы ұстап қалу немесе қосымша капитал тартуды қоса алғанда, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нысаналы мәндерін сақтау бойынша шаралар қарастырылады.

Капитал қажеттілігін есептеу қорытындысы бойынша Банктің белгіленген капитал жеткіліктілігі талаптары шегінде бекітілген Даму стратегиясын іске асыру қабілеті айқындалады.

Жоспарлау нәтижелері бойынша тұрақты өсуді қолдауға және реттеушілік талаптарды сақтауға бағытталған капиталды басқарудың қосымша шаралары жөнінде ұсыныстар қалыптастырылады.

Капиталды басқару Банктің қаржылық стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Бизнесті дамыту, активтер мен міндеттемелер құрылымы, қорландыру және табыстылық жөніндегі шешімдер олардың капиталға және капитал жеткіліктілігі көрсеткіштеріне тигізетін әсері ескеріле отырып бағаланады. Осылайша, капиталды Банк даму мақсаттарын іске асыруды, бизнес-модельдің тұрақтылығын және Банктің ұзақ мерзімді перспективада тиімді жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретінде қарастырады.

Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, Банк операцияларының мөлшері мен күрделілік деңгейіне сәйкес келетін және Банктің меншікті капитал жеткіліктілігі деңгейіне тиімді мониторинг жүргізу мен бақылауды қамтамасыз ететін капиталды басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

Капиталды басқару жүйесі төмендегіні қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) капиталды басқару саясатын;
- 2) капитал жеткіліктілігін талдау, капитал жеткіліктілігі деңгейіне мониторинг жүргізу және бақылау процедураларын;
- 3) бюджет пен даму стратегиясын дайындаудың жыл сайынғы процесін;
- 4) капиталды басқару бойынша есептіліктің өлшемдерін, құрамын және мерзімділігін (жиілігін), ақпаратты дайындауға және Банктің алқалы органдарына әрі өзге алушыларға жеткізуге жауапты тұлғаларды/бөлімшелерді айқындайтын басқарушылық ақпарат жүйесін;
- 5) ішкі бақылауды;
- 6) ішкі аудит бөлімшесінің капиталды басқару жүйесінің тиімділігін бағалауын.

3.2. Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы тәуекелдерді басқару саясатына енгізілген өзгерістер

Есептік кезеңде Банк қызметіне әсер ететін Маңызды тәуекелдерді анықтау қағидаларында көзделген маңызды тәуекелдер тізбесі және Тәуекел дәрежесін мәлімдеу елеулі түрде пысықталды. Аталған пысықтаулар, соның ішінде, маңызды тәуекелдер тізбесін және тиісті тәуекел дәрежесі көрсеткіштерін кеңейтуді көздеді.

2025 жылдың басында Банк Стресс-тестілеу жүргізу қағидаларына ҚНРДА жүргізетін қадағалап стресс-тестілеуінің (бұдан әрі – ҚСТ) стресс сценарийлеріне енгізілген алғышарттарды пайдалануды, сондай-ақ ҚСТ әдіснамасында көрсетілген әдістерге сәйкес ұқсас сценарийлерді қолдануды көздейтін өзгерістер енгізді.

3.3. Банктің капитал жеткіліктілігін бағалау тәсілдерінің сипаты

Банкте №86¹ Қағидаларға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес КЖІБП іске асырылған. КЖІБП келесі компоненттерді қамтиды:

- Банк қабылдайтын маңызды тәуекел түрлерін (кредиттік, нарықтық, операциялық, өтімділік тәуекелі, шоғырлану тәуекелі, банк портфелінің пайыздық тәуекелі және басқалар) сәйкестендіру және бағалау;
- маңызды тәуекелдің әрбір түрі бойынша бағалау әдістерін және капиталға деген қажеттілікті есептеуді айқындау;
- базалық, жағымсыз және дағдарыстық сценарийлер бойынша стресс-тестілеу жүргізу;
- буферлерді ескере отырып, капиталдың нақты және жоспарлы мәндерін ең төменгі рұқсат етілген мәндермен салыстыру;
- капитал жеткіліктілігін сақтау жөніндегі іс-қимыл жоспарын қалыптастыру, соның ішінде қажет болған жағдайда капитал тарту жоспарлары.

Банктің КЖІБП сақтау жөніндегі нәтижелерін Тәуекелдер комитеті қарастырады және Директорлар кеңесі кезеңдік негізде, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет бекітеді. КЖІБП қорытындысы бойынша тәуекел дәрежесін, лимиттерді және қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін түзету бойынша басқарушылық шешімдер қалыптастырылады.

Капитал жеткіліктілігін бағалау Банктің Тәуекел дәрежесі стратегиясына сәйкес маңызды тәуекелдерді жабу үшін Банкке қажетті капитал шамасын айқындау мақсатында жүргізіледі.

Банкте капитал жеткіліктілігін бағалау келесі бағыттарда жүргізіледі:

- капитал жеткіліктілігінің пруденциалдық нормативтерін бағалау;
- экономикалық капиталды бағалау;
- ҚНРДА белгілеген Банк капиталына қойылатын өзге нормативтерді бағалау.

Капитал жеткіліктілігін болжау қажетті капиталдың ықтимал тапшылығын жоюдың және капитал жеткіліктілігі тәуекелі бойынша ішкі лимиттер мен тәуекел дәрежесінің, сондай-ақ реттеушілік талаптардың бұзылуын превентивті анықтаудың негізгі әдісі, сонымен бірге басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдаудың негізі болып табылады.

Болжам негізінде Банкке қажетті капиталдың ықтимал тапшылығы қажетті капиталдың мөлшерімен салыстыру арқылы анықталады. Тәуекел дәрежесін мәлімдеуде белгіленген капитал жеткіліктілігі тәуекелі бойынша лимиттер мен тәуекел дәрежесінің сақталмау тәуекелі туындаған жағдайда, ықтимал бұзушылықты жоюға қажетті іс-шаралар әзірленеді.

Капиталды басқару шеңберіндегі стресс-тестілеу айырықша, бірақ ықтимал жағымсыз сценарийлердің іске асырылуының Банк қызметінің көрсеткіштеріне әсерін сандық бағалау құралы рөлін атқарады. Банк капитал жеткіліктілігіне төнетін ықтимал қатер көздеріне тұрақты негізде стресс-тестілеу жүргізеді. Стресс-тестілеу келесі әдістерді пайдалану арқылы жүргізіледі:

¹ 2025 жылы «Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысы қолданылды

- 1) сценарийлік талдау;
- 2) сезімталдықты талдау;
- 3) кері стресс-тестілеу.

Стресс-тестілеу процедурасы келесі кезеңдерді қамтиды:

- стресс-сценарийлерді қалыптастыру;
- Банк қызметінің көрсеткіштеріне стресс-сценарийлердің әсерін бағалау;
- стресс-тестілеу нәтижелері бойынша есептер дайындау;
- Банктің алқалы органдарының стресс-тестілеу нәтижелері бойынша есептерді қарауы;
- стресс-тестілеу барысында анықталған капитал тәуекелдерін барынша азайту шараларын қабылдау.

Стресс-тестілеу сценарийлері капитал жеткіліктілігі деңгейінің төмендеуіне әсер ететін сыртқы және ішкі көрсеткіштердің консервативті, бірақ потенциалды іске асырылатын жағымсыз өзгерістері негізінде әзірленеді.

Директорлар кеңесі стресс-тестілеу нәтижелерін бекітеді. Егер жүргізілген стресс-тестілеу нәтижелері бойынша реттеушілік нормативтер (k_1 , k_{1-2} , k_2) негізінде айқындалатын капиталдың тапшылығы байқалса, Директорлар кеңесі стрестік сценарийді іске асыра отырып, капитал тапшылығын жою бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

Стресс-тестілеу нәтижелері Банктің стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процесіне енгізіледі, сондай-ақ күтпеген жағдайлар туындаған кезде капитал жеткіліктілігін қолдау процесінде, соның ішінде процесс кемшіліктерін жою мақсатында ескеріледі және қаржыландыру жоспарын бағалау мен жоспарлауға, сонымен қатар жоспардағы кемшіліктерді түзету мақсатында енгізіледі. Сондай-ақ стресс-тестілеу нәтижелері ішкі лимиттерді белгілеу кезінде пайдаланылады.

3.4. Капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды сақтау

Капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптар №86 Қағидаларға сәйкес белгіленген:

- k_1 — негізгі (базалық) капитал жеткіліктілігі;
- k_{1-2} — бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі;
- k_2 — меншілкі капитал жеткіліктілігі.

Консервациялық буферді (2,5%) және жүйелік маңыздылық буферін (жүйелік маңызды банктер үшін) ескере отырып, коэффициенттердің ең төменгі рұқсат етілген мәндері төмендегі кестеде берілген. 2025 жылы Банк жүйелік маңызды банктерге жатқызылған жоқ, осыған байланысты меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеуде жүйелік маңыздылық буфері қолданылмайды.

2-кесте.

Меншікті капитал жеткіліктілігінің мәндері

№	Атауы	Консервациялық буферді ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең төменгі рұқсат етілген деңгейі (%)	31.12.2025 ж. капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нақты деңгейі (%)
1	2	3	4
1	Негізгі капитал жеткіліктілігі (k_1)	8%	17,1%
2	Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі (k_{1-2})	9%	17,1%
3	Меншілкі капитал	10,5%	17,1%

	жеткіліктілігі (k2)		
--	------------------------	--	--

31.12.2025 ж. жағдай бойынша Банктің реттеушілік талаптарға қатысты елеулі капитал қоры бар.

Барлық үш коэффициенттің нақты мәндері 17,1% деңгейінде болып, нормативтік межелерден елеулі түрде асып түседі (k1 коэффициенті бойынша +9,1 пайыздық тармақ; k1-2 коэффициенті бойынша +8,1 пайыздық тармақ; k2 коэффициенті бойынша +6,6 пайыздық тармақ).

3.5. Капитал деңгейінің және капитал жеткіліктілігі коэффициенттері мәндерінің елеулі өзгерістері туралы ақпарат

3 - кесте.

мың теңгемен	31.12.2025	31.12.2024	Өзгеріс	Пікір
Бірінші деңгейдегі капитал	235 893 342	201 859 061		
Төленген жай акциялар	111 856 152	87 356 148	24 500 004	Акционердің жарғылық капиталды толықтыруы
Қосымша төленген капитал	2 400 340	2 400 340	–	
Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы	118 264 688	67 099 797	51 164 891	Өткен жылдың таза пайдасы есебінен
Ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы	12 212 408	50 675 192	(38 462 784)	Таза пайданың төмендеуі
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері	858 739	872 129	(13 390)	Негізгі құралдарды қайта бағалау амортизациясы
Материалдық емес активтер	(9 698 985)	(6 544 545)	(3 154 440)	Қолда бар МЕА-ны жақсарту есебінен ұлғаю
Екінші деңгейдегі капитал	–	–	–	
Меншікті капитал	235 893 342	201 859 061		

3-кестеде көрсетілгендей, 2025 жылы Банктің меншікті капиталының өзгеруіне келесі негізгі факторлар себеп болғанын байқауға болады:

- акционердің жарғылық капиталды толықтыруы (+24,5 млрд теңге);
- өткен жылдың таза пайдасын капиталдануы (+51,2 млрд теңге);
- ағымдағы жылғы таза пайданың өткен есепті кезеңмен салыстырғанда төмендеуі (–38,5 млрд теңге);
- материалдық емес активтер бойынша шегерімнің ұлғаюы (–3,1 млрд теңге).

Аталған факторлардың жиынтық әсері меншікті капиталдың 34,0 млрд теңгеге (01.01.2025 ж. деңгейіне +16,9%) өсуімен көрініс тапты.

4 - кесте.

Капитал бойынша негізгі пруденциалдық көрсеткіштер

№	Атауы	31.12.2025	31.12.2024
1	Негізгі капитал	235 893 342	201 859 061
2	Бірінші деңгейдегі капитал	235 893 342	201 859 061

3	Меншікті капитал	235 893 342	201 859 061
4	Кредиттік тәуекел бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер, туынды қаржы құралдары	1 072 924 527	697 643 737
5	Нарықтық тәуекел бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер	256 267 650	470 114 750
6	Операциялық тәуекел	46 399 966	26 137 254
7	k1	17,1%	16,9%
8	k1-2	17,1%	16,9%
9	k2	17,1%	16,9%

Банк тәуекелді активтердің көбеюі 4-кестеге сәйкес капиталдың озық өсуімен қатар жүретін теңдестірілген өсімді көрсетіп отыр. Сонымен, негізгі капитал, бірінші деңгейдегі капитал және меншікті капитал 201,9 млрд теңгеден 235,9 млрд теңгеге дейін ұлғайып, өсім 34,0 млрд теңгені құрады (+16,8%). Бұл, ең алдымен, пайданы капиталдандыру және ішкі капитал көздерін ұлғайту есебінен Банктің қаржылық тұрақтылығының елеулі түрде нығайғанын білдіреді.

Сонымен қатар тәуекел бойынша өлшенген активтердің (RWA) құрылымында өзгерістер орын алды:

кредиттік тәуекел бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер 697,6 млрд теңгеден 1 072,9 млрд теңгеге дейін өсті (+53,8%), бұл кредит беру белсенділігінің кеңейгенін көрсетеді;

нарықтық тәуекел бойынша өлшенген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер 470,1 млрд теңгеден 256,3 млрд теңгеге дейін айтарлықтай төмендеді (-45,5%), бұған бағалы қағаздар портфелінің қысқаруы себеп болды;

операциялық тәуекел 26,1 млрд теңгеден 46,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды (+77,5%), бұл Банктің соңғы 3 жылдағы жылдық жалпы кірісінің өсуімен байланысты.

Кредиттік және операциялық тәуекелдің айтарлықтай өсуіне қарамастан, капиталдың жеткіліктілігі көрсеткіштері сақталып қана қоймай, шамалы жақсарғанын көрсетті (k1, k1-2 және k2 коэффициенттері 16,9%-дан 17,1%-ға дейін өсті).

Консервациялық буферді ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері осы Есепке 1-қосымшада қарастырылған.

Банктің капитал позициясы жеткілікті беріктік қорымен тұрақты күйін сақтап отыр. Кредиттік тәуекелдің белсенді өсуіне қарамастан, Банк жеткіліктілік коэффициенттерін реттеушілік талаптардан елеулі түрде асатын деңгейде сақтай отырып, капиталды тиімді басқарады, бұл капитал жеткіліктілігі тәуекелін басқарудың ағымдағы жүйесінің барабарлығын растайды.

4. КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

4.1. Кредиттік тәуекел көлемі туралы жалпы ақпарат

Кредиттік тәуекел Банк қызметіне тән тәуекелдің негізгі түрі болып табылады және маңызды тәуекелдер санатына жатады. Кредиттік тәуекел – қарыз алушының, контрагенттің немесе өзге тұлғаның кредиттік тәуекел тудыратын кез келген қаржы құралдары немесе өнімдері бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан Банктің қаржылық шығындарға (залалға) ұшырау тәуекелі.

Банктің келесі активтері кредиттік тәуекелге ұшырайды:

- кредиттік портфель – заңды және жеке тұлғаларға берілген міндеттемелер, соның ішінде корпоративтік кредит беру, ипотекалық кредиттер және тұтынушылық қарыздар;
- борыштық бағалы қағаздар – Банктің облигацияларға, депозитарлық сертификаттарға және ұқсас борыштық құралдарға салған инвестициялары;

- банкаралық орналастырулар мен корреспонденттік шоттар – басқа қаржылық ұйымның Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуы мүмкіндігінен туындайтын контрагент тәуекелін тудырады;

- баланстан тыс шартты міндеттемелер – конверсиялық коэффициенттерді ескере отырып, жалпы кредиттік экспозицияны бағалауда ескерілетін кепілдіктер, аккредитивтер, пайдаланылмаған кредит желілері.

Кредиттік тәуекелдің негізгі көлемі заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қамтитын Банктің кредиттік портфелі есебінен қалыптасады. Клиенттердің несиелік берешегі ықтимал кредиттік шығындардың негізгі көзі болып табылады және, тиісінше, қабылданатын кредиттік тәуекелдің жалпы деңгейіне ең ауқымды әсерін тигізеді.

Кредиттік портфельден бөлек, Банктің борыштық қаржы құралдарына салған инвестициялары да кредиттік тәуекел көлемін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оларға мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік эмитенттердің облигациялары, сондай-ақ басқа борыштық бағалы қағаздар жатады. Аталған активтер бойынша тәуекел эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауы немесе оның дефолтқа ұшырау ықтималдығымен байланысты.

Кредиттік тәуекел көлемі берілген кепілдіктер, аккредитивтер және берілмеген (пайдаланылмаған) кредит желілері сияқты баланстан тыс шартты міндеттемелерді қамтиды. Бұл құралдар баланста толық көлемде көрсетілмейтіндігіне қарамастан, белгілі бір жағдайлар туындаған кезде Банктің төлемдерді жүзеге асыру бойынша ықтимал міндетін тудырады, бұл кредитке бейімделуді қалыптастыруы мүмкін.

4.2 Кредиттік тәуекелді басқаруға қолданылатын өлшемдер мен тәсілдер

Кредиттік тәуекелді басқару Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХҚЕС талаптарына және үздік халықаралық банктік тәжірибеге сәйкес жүзеге асырылады және ол қаржылық міндеттемелердің қайтарылмауына байланысты ықтимал шығындарды уақтылы сәйкестендіру, бағалау, басқару, мониторинг жүргізу, бақылау және шектеу, сондай-ақ Банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету мен Банк капиталының жеткіліктілігін сақтау мақсатында рөлдер мен жауапкершілікті бөлуді ескере отырып ұйымдастырылған Банк бөлімшелерінің, сондай-ақ әзірленген әрі регламенттелген ішкі процедуралардың, процестер мен саясаттардың өзара әрекеттесу механизмін қамтамасыз ететін компоненттер жиынтығын білдіреді.

Банк кредиттік тәуекелді басқару барысында келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- **объективтілік:** Банктің кредиттік мәміле туралы шешімдері ықтимал кредиттік тәуекелдер, олардың іске асу ықтималдығы, Банк үшін болуы мүмкін кредиттік шығындар туралы сенімді нақты және статистикалық ақпарат негізінде тәуекелдерге жан-жақты талдау жүргізілгеннен кейін ғана қабылданады;

- **тәуелсіздік:** тәуекелдер бөлімшелері кредиттік тәуекелді бағалау және шешім қабылдау процесінде кредиттік тәуекел тән операцияларға және (немесе) мәмілелерге бастамашылық ететін бизнес-бөлімшелерден тәуелсіз болады;

- **алқалылық:** шешімдер Банктің алқалы органдарымен қабылданады, бір тұлғаның шешім қабылдауына жол берілмейді;

- **регламенттелгендік:** кредиттік тәуекелді басқару процесі, соның ішінде тәуекелді сәйкестендіру мен бағалау, лимиттерді белгілеу және олардың мониторингі, басқарушылық есептілікті қалыптастыру мен қарау рөлдері мен жауапкершілік регламенттелген және Банктің кредит беру процесіне енгізілген;

- **автоматтандыру:** шығындарды азайтатын және кредит беру бойынша шешімдер қабылдау кезінде объективтілікті қамтамасыз ететін шешімдер қабылдаудың тиімділігі мен автоматтандырылуы;

- Банктің кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесінің ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігі.

Қабылданатын кредиттік тәуекел деңгейін тиімді бақылау үшін Банк тәуекелдердің шоғырлануын шектеуге және портфельдің әртараптандырылуын қолдауға мүмкіндік беретін лимиттер жүйесін қолданады.

4.3 Кредиттік тәуекел бейіні

Банктің кредиттік тәуекел бейіні оның бөлшек цифрлық кредит беруге және заңды тұлғалармен жүргізілетін операцияларға бағдарланған бизнес-моделін ескере отырып қалыптасады. Цифрлық арналарды және бағалаудың автоматтандырылған модельдерін пайдалану Банкке клиенттердің бұқаралық сегментімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл портфельдің әртараптандырылуына ықпал етеді, дегенмен скорингтік құралдарды үздіксіз жетілдіру және дефолттар деңгейіне мониторинг жүргізу қажеттілігін көздейді.

Бөлшек кредит беру жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге берілетін қамтамасыз етілмеген және кепілмен қамтамасыз етілген кредиттерге, соның ішінде кредиттік карталарға, овердрафттарға және басқа бөлшек өнімдерге байланысты кредиттік тәуекелге ұшырайды. Қолданылатын модельдердің болжамды қабілеті жоғары деңгейде сақталуда: ROC-AUC коэффициентінің орташа мәні кемінде 75%-ды құрайды, бұл модельдердің қарыз алушыларды кредиттік тәуекел деңгейі бойынша саралаудың тұрақты қабілетін білдіреді. Қамтамасыз етілген, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген өнімдер бойынша кредиттік тәуекелді бағалау кредиттік тарихты, кірістер деңгейі мен тұрақтылығын, қарыз алушының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасын, міндеттемелерді орындау тәртібін және борыштық жүктеме көрсеткіштерін талдау негізінде жүзеге асырылады. Қамтамасыз етілген өнімдер бойынша қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалаумен қатар, кредит сомасының қамтамасыз етудің кепілдік құнына қатынасы (Loan to value) қосымша ескеріледі. Бөлшек портфельдің сапасы тұрақты деңгейде сақталуда: 90 күннен асқан мерзімі өткен берешек деңгейі 31.12.2025 ж. жағдай бойынша 2%-дан аспайтын деңгейде.

Корпоративтік кредит беру және шағын, орта бизнес субъектілеріне кредит беру қарыз алушылардың ағымдағы және инвестициялық қызметін қаржыландыру бойынша операциялар, соның ішінде қамтамасыз етілген, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген нысандағы овердрафттар мен кредит желілері бойынша кредиттік тәуекелмен байланысты. Өтінімдер стандартталған онлайн-процестерді пайдаланумен, сондай-ақ қарыз алушыға жеке талдау жасауды көздейтін классикалық офлайн-рәсімдер шеңберінде қаралады. Бұл ретте Банкте кредиттік тәуекел деңгейіне (соның ішінде тәуекел сомасына) байланысты шешімдер қабылдау бойынша құзыреттер мен өкілеттіктерді бөлу іске асырылған. Мониторинг нәтижелері бойынша офлайн-өтінімдер бойынша портфель сапасы 90+ күн мерзімі өткен берешектің жоқтығымен (0%) сипатталады. Кредиттік тәуекелді бағалау қарыз алушының қаржылық жағдайы мен ақша ағындарын, оның бизнес-моделінің тұрақтылығын, салалық факторларды және корпоративтік басқару сапасын талдауға негізделген. Тәуекелдің негізгі факторлары өтімділік, борыштық жүктеме және қарызды өтеу көрсеткіштері, қарыз алушы мен байланысты тұлғалардың кредиттік тарихы, салықтық міндеттемелердің орындалуы, сондай-ақ кредит сомасының қамтамасыз етудің кепілдік құнына қатынасы болып табылады.

Банктің қазынашылық және банкаралық операциялары қаржылық қызметтер көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер, биржалар, клирингілік ұйымдар сияқты контрагенттермен жүргізілетін операцияларды, сондай-ақ кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті қамтиды. Аталған операциялар бойынша активтердің қаржылық шығындарын (залалдарын) бағалау жеке негізде жүзеге асырылады. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Банк қазынашылық активтерді резервтеу мақсаттары үшін күтілетін кредиттік шығындар үлгісін қолданады, оның негізгі қағидаты жинақталған тарихи деректерді, сондай-ақ ағымдағы және болжамды ақпаратты ескере отырып, кредиттік шарттардың кредиттік сапасының нашарлауын немесе жақсаруын уақтылы көрсету болып табылады.

Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштер жиынтығы негізінде бағаланады. Банктің тәуекел бейінін сипаттайтын негізгі индикаторларға: кредиттік портфельдің жиынтық активтердегі үлесі, проблемалық берешек деңгейі, қалыптастырылған провизиялар көлемі, резервтердің кредиттік портфельге қатынасы,

капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділік көрсеткіштері жатады. Аталған көрсеткіштерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу және стресс-тестілеу Банкке ықтимал қатерлерді уақтылы анықтауға және басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

4.4 Банктің бизнес-моделінің кредиттік тәуекел деңгейіне әсері

Қабылданатын кредиттік тәуекел деңгейі Банк жүзеге асыратын операциялардың сипатына, активтер құрылымына және таңдалған қызмет бағыттарына тікелей байланысты. Кредит беру көлемінің кеңеюі және қаржылық активтер портфелінің көбеюі жалпы кредиттік тәуекелге ұшырау мүмкіндігінің артуына әкеледі. Жаңа өнімдерді дамыту немесе қолданыстағы қызмет бағыттарының көлемін ұлғайту кезінде Банк қабылданатын тәуекелдің белгіленген ішкі нормативтерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қарыз алушыларды бағалау, лимит енгізу және мониторинг жүргізу процедураларын күшейтеді.

Портфель құрылымының өзгеруі, соның ішінде бөлшек және корпоративтік қарыз алушылар арасындағы арақатынас, қаржылық ұйымдармен және борыштық бағалы қағаздар эмитенттерімен жүргізілетін операциялар көлемі кредиттік тәуекел бейініне әсер етеді. Банктің ішкі құжаттары активтердің теңдестірілген құрылымын сақтау және шамадан тыс шоғырлануға жол бермеу мақсатында лимиттер белгілеуді және тұрақты мониторинг жүргізуді көздейді.

2025 жылы жүргізілген активтер сапасын бағалау (Asset Quality Review, AQR) нәтижелері бойынша Банк осы бағалаудан сәтті өтті, бұл қалыптасқан тұрақты бизнес-модельді және кредиттік тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін білдіреді. Аталған нәтиже қолданылатын реттеушілік талаптарға және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес кредиттік портфельдің тиісті сапасын, активтер жіктелімінің дұрыстығын және қалыптастырылған резервтердің жеткіліктілігін растайды. AQR нәтижелері Банктің кредиттік тәуекелдерге тұрақтылығын және қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесінің, соның ішінде қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалау, портфельге мониторинг жүргізу және активтердің құнсыздану белгілерін уақтылы анықтау рәсімдерінің тиімділігін көрсетті. Жүргізілген бағалау нәтижесінде Банктің қаржылық жағдайына маңызды әсер етуге қабілетті елеулі ауытқулар анықталған жоқ, бұл қолданылатын әдістемелер мен ішкі бақылау процестерінің сенімділігін қосымша растайды.

5 - кесте.

Несиелік портфель динамикасы және оның 2025 жылдағы сапасы

МҢҒА ТЕНГЕ			
атауы	31.12.2025	31.12.2024	өзгеріс
Активтер	2 579 568 828	2 542 397 078	37 171 750
Клиенттерге кредиттер	1 024 594 411	787 872 684	236 721 727
төлемі 30 күннен астам уақытқа кешіктірілген кредиттер	24 905 580	19 210 546	5 695 034
несиелік портфельдегі үлесі	2,43%	2,44%	
төлемі 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген кредиттер	15 032 204	12 619 633	2 412 571
несиелік портфельдегі үлесі	1,47%	1,60%	
3-кезең кредиттері және СҚКҚ *	22 220 111	18 136 247	4 083 864
несиелік портфельдегі үлесі	2,17%	2,30%	
Несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялар	28 905 772	21 260 164	7 645 608
несиелік портфельді өтеу деңгейі	2,82%	2,70%	
Баланс бойынша меншікті капитал	247 101 302	208 233 833	38 867 469

Ескерту: *СҚКҚ - Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған активтер, олар бойынша бастапқы танылу сәтінде құнсыздану туралы растамасы бар

31.12.2025 ж. жағдай бойынша Банктің қаржылық көрсеткіштері кредиттік тәуекелдің тұрақты деңгейін сақтай отырып және портфельдің жекелеген сапалық сипаттамаларын жақсартып отырып, қалыпты өсуді көрсетіп отыр (5-кестені қараңыз).

Активтер қызметінің кеңейінісін көрсете отырып, 37,2 млрд теңгеге (+1,5%) ұлғайып, 2 579,6 млрд теңгеге жетті. Клиенттерге берілген кредиттер 236,7 млрд теңгеге (+30,1%) өсіп, 1 024,8 млрд теңгені құрады.

Портфель сапасы тұрақты деңгейде сақталуда: 30 күннен асқан мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің үлесі іс жүзінде бұрынғы 2,4% деңгейінде сақталды, бұл ретте олардың көлемі 19,2 млрд теңгеден 24,9 млрд теңгеге дейін өсті, 90 күннен асқан мерзімі өткен берешегі бар кредиттер де 2,4 млрд теңгеге ұлғайды, бірақ олардың кредиттік портфельдегі үлесі 1,6%-дан 1,47%-ға дейін қысқарды.

Сонымен бірге 3-кезең кредиттері және СҚҚҚ (ПСКО) 4,0 млрд теңгеге (+22,6%) өсті, бірақ клиенттерге берілген кредиттердің өсуі аясында олардың үлесі 2,3%-дан 2,17%-ға дейін төмендеді.

Резервтер 7,6 млрд теңгеге (+35,6%) ұлғайып, 28,9 млрд теңгені құрады, өтеу деңгейі 2,69%-дан 2,82%-ға дейін өсті. Меншікті капитал 38,8 млрд теңгеге (+18,7%) ұлғайып, 247,1 млрд теңгеге дейін жетті, бұл қаржылық тұрақтылықты қолдауды қамтамасыз етеді.

Банк тұрақты негізде активтер сапасын бағалайды, провизиялар қалыптастырады және стресс-тестілеу жүргізеді. Кредиттік тәуекелге ұшырайтын активтер туралы ақпарат осы Есепке 2-қосымшада көрсетілген.

Жалпы алғанда, кредиттік тәуекелді басқару тәсілдері тәуекелдің теңдестірілген бейінін сақтауға, проблемалық берешекпен уақтылы жұмыс істеуге және ықтимал шығындарды жеткілікті түрде өтеуге бағытталған.

4.5 Банктің кредиттік тәуекел бойынша лимиттері

Лимит белгілеу қабылданатын тәуекел деңгейін бақылаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Банкте бір қарыз алушыға және өзара байланысты қарыз алушылар тобына лимиттер, экономика салалары, өңірлер, өнімдер және операциялар түрлері бойынша лимиттер белгіленеді. Лимит белгілеудің мақсаты – кредиттік тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу және портфельдің әртараптандырылған құрылымын қамтамасыз ету.

Портфельдік деңгейде лимиттер қызмет бағыттары мен кредиттік өнім түрлері бөлінісінде белгіленеді. Банк кредиттік өнімдердің жекелеген түрлері мен қарыз алушылар санаттары бойынша тәуекелге ұшырау көлемін шектейді. Бұл кредиттік портфельдің теңдестірілген құрылымын сақтауға және жекелеген сегменттердегі тәуекелдің шоғырлану деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар лимиттер қаржылық ұйымдарымен жүргізілетін операцияларға және борыштық бағалы қағаздарға салынған инвестицияларға қатысты қолданылады. Бұл жағдайда шектеулер контрагенттер мен эмитенттерге белгіленеді, бұл контрагент банктер немесе қаржылық құралдар эмитенттері тарапынан міндеттемелердің орындалмау тәуекелін төмендетуге бағытталған.

Кредиттік тәуекел бойынша лимиттер Банктің кредиттік қызметінің ауқымын ескере отырып, Директорлар кеңесі белгілеген кредиттік тәуекел бойынша тәуекел дәрежесінің деңгейі шеңберінде белгіленеді.

Банкте Банк алдындағы жиынтық берешектің ең жоғары мөлшерін шектеу мақсатында бір қарыз алушыға және өзара байланысты қарыз алушылар тобына лимиттер белгіленген. Бұл Банк алдындағы қаржылық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша берешектің ең жоғары рұқсат етілген көлемі айқындалатынын білдіреді. Аталған шектеулер Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптары ескеріле отырып қолданылады. Бұдан бөлек, белгіленген лимиттердің сақталуы тұрақты негізде бақыланады, ал қажет болған жағдайда ішкі рәсімдерде көзделген тәртіппен қайта қаралады.

Банкте қаржыландыру туралы шешім қабылданғанға дейін жоспарланатын операциялардың белгіленген лимиттерге, шектеулерге және тәуекел дәрежесінің деңгейлеріне сәйкестігін алдын ала тексеруді көздейтін лимитке дейінгі тәсіл қолданылады. Шоғырлану тәуекелін бақылау мақсатында мәмілені қарау процесінде Банктің бөлімшелері бір қарыз алушыға шаққандағы ең жоғары тәуекелді тексереді және материалдарды верификациялау үшін кредиттік тәуекелдер бөлімшесіне жібереді.

4.6 Кредиттік тәуекелді төмендету әдістері

Кредиттік тәуекелді төмендету қаржылық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша ықтимал шығындарды шектеуге бағытталған шаралар кешенін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Банкте кредиттік тәуекелді төмендету әдістері кепілмен қамтамасыз етуді, кепілдіктер мен кепілгерліктерді пайдалануды, сақтандыруды, резервтер қалыптастыруды, активтер сапасына тұрақты мониторинг жүргізуді және проблемалық активтермен жұмыс істеу рәсімдерін қолдануды қамтиды.

Кепілмен қамтамасыз ету тәуекелді төмендетудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Мәмілені қарау кезінде Банк ұсынылатын қамтамасыз етудің жеткіліктілігін, өтімділігін және заң жүзіндегі тазалығын талдайды. Қарыздарды қамтамасыз ету үшін қарастырылатын кепілмен қамтамасыз етуді бағалау ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және оның нарықтық құнын айқындауды, құқық белгілейтін құжаттарды тексеруді және міндеттемелер орындалмаған жағдайда өндіріп алу мүмкіндігін талдауды қамтиды. Қабылданатын қамтамасыз ету мөлшері міндеттемелер сомасымен және қабылданатын тәуекел деңгейімен салыстырылады.

Кепілмен қамтамасыз етуден бөлек, Банк міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің қосымша тәсілі ретінде кепілдіктер мен кепілгерліктерді пайдаланады. Бұл ретте кепілгердің немесе кепілдік берушінің қаржылық жағдайын бағалау, сондай-ақ тиісті жағдайлар туындаған кезде оның міндеттемелерді орындау қабілетіне талдау жүргізіледі. Осылайша, қарыз алушының тәуекелі ішінара үшінші тұлғаға бөлінеді, бұл Банктің ықтимал шығындарын төмендетеді.

Қосымша механизм ретінде кепіл затын сақтандыру және қажет болған жағдайда міндеттемелердің орындалуымен байланысты өзге тәуекелдерді сақтандыру қолданылады. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру Банктің ықтимал залалдарын шектеуге мүмкіндік береді және қамтамасыз етудің жекелеген түрлері бойынша міндетті элемент болып табылады.

Қамтамасыз ету шараларымен қатар Банк ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастырады. Резервтер құру кредиттік портфель бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есепке алуға және қаржылық есептілікте тәуекел деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Банк қаржылық активтердің сапасына тұрақты мониторинг жүргізеді, міндеттемелердің орындалуын бақылайды және қайта құрылымдалатын және проблемалық берешекпен жұмыс істейді. Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда, Банк ықтимал шығындарды азайтуға бағытталған рәсімдерді бастайды.

4.7 Дефолтқа ұшырайтын тәуекелдерді қоса алғанда, кредиттік тәуекел көлемі

Кредиттік тәуекел көлемі қарыз алушылар мен контрагенттер тарапынан міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау тәуекелі бар барлық қаржылық активтер мен шартты міндеттемелер бойынша Банктің жиынтық ұшыраушылығы ретінде айқындалады.

Кредиттік тәуекел көлемін қалыптастыратын объектілерге клиенттердің несиелік берешегі, банкаралық орналастырулар, борыштық бағалы қағаздарға салынған инвестициялар, сондай-ақ берілген кепілдіктер мен өзге баланстан тыс міндеттемелер жатады. Осылайша, кредиттік тәуекел дефолт тәуекеліне ұшырайтын баланстық, сондай-ақ баланстан тыс позицияларды қамтиды.

Банктің ішкі құжаттарында акционер талап ететін тәуекел мен кірістілікті және сапаның нашарлау белгілерінің болуын ескере отырып, кредиттік тәуекел деңгейіне байланысты қаржылық активтердің жіктелімі көзделген. Активтер сапасын бағалау қарыз алушының міндеттемелерді орындауын, мерзімі өткен берешектің болуын және ықтимал құнсыздануды білдіретін өзге факторларды ескере отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады.

4.8 Банк бөлімшелерінің ұйымдастырушылық құрылымы, кредиттік тәуекелді басқаруға тартылған бөлімшелердің өзара әрекеттесу рәсімдері

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесі қызметтің әрбір түрі бойынша бизнес-бөлімшелердің, кредиттік тәуекелдер бөлімшесінің және мақұлдаушы органдардың арнайы рөлдері мен жауапкершілігін белгілейді.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару Банк қызметінің әрбір кезеңінде Директорлар кеңесі, Тәуекелдер комитеті, Басқарма, Басқарма жанындағы Комитеттер және басқа қызметтер тарапынан кредиттік тәуекелді бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Банктің кредиттік тәуекелдің болуы және оған кейіннен мониторинг жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қызметі кредиттік тәуекелді басқару процесінің барлық деңгейлерінде бақыланады.

Кредиттік тәуекелді жалпы бақылау тәуекелдерді басқару жүйесіндегі екінші қорғаныс желісі ретінде кредиттік тәуекелдер бөлімшелерінің міндеті болып табылады. Банктің кредиттік тәуекелдер бөлімшелері Банктің кредиттік тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерінің орындалуын, бизнес-бөлімшелердің белгіленген лимиттерді сақтауын бақылау арқылы Кредиттік комитеттерге, Басқармаға, Тәуекелдер комитетіне, Директорлар кеңесіне әдіснамалық және бақылау қолдауын қамтамасыз етеді. Белгіленген лимиттер асырылған жағдайда Банктің жоғары басшылығына дереу хабарланады, бұл ретте бизнес-бөлімшелер кредиттік тәуекел деңгейін төмендету бойынша тиісті шаралар қабылдауға міндетті. Бақылауды қамтамасыз ету және белгіленген лимиттердің бұзылуына жол бермеу мақсатында Банкте тәуекелдерді төмендету әдістері мен құралдары қолданылады, олардың құралдар жиынтығы кепілмен қамтамасыз ету арқылы өтеуді ұлғайту сияқты стандартталған құралдардан бастап кредиттік портфель деңгейінде туындайтын тәуекелді төмендетуге бағытталған кешенді құралдарға дейін қолданылады.

Банктің бірінші қорғаныс желісі болып табылатын бизнес-бөлімшелері мен филиалдары клиенттерді тарту мен іріктеуді, сараптама жүргізуді, қаржылық жағдайды бағалауды және жобаларды кредиттік комитеттерге немесе кредиттік тәуекел тән қарыз алушының немесе контрагенттің төлем қабілеттілігін талдау шеңберінде кредиттік тәуекелді сәйкестендіруге және бағалауға жауапты Банктің басқа алқалы органдарына ұсынуды жүзеге асырады. Аталған бөлімшелер кредиттік тәуекелді басқаруда тұрақты өзара іс-қимыл жасау және Банктің белгіленген тәуекел дәрежесіне шеңберінде мәмілелерді жүзеге асыру арқылы анықталған тәуекелдер туралы ақпаратты екінші қорғаныс желісіне жеткізуге міндетті.

4.9 Басқару органдарына кредиттік тәуекел туралы хабарлау мерзімділігі

Кредиттік тәуекел деңгейі мен кредиттік портфельдің жай-күйі туралы ақпарат басқарушылық есептілік арқылы Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасының назарына белгіленген мерзімділікпен жеткізіледі (6-кестені қараңыз):

6 - кесте.

Басқару органы	Мерзімділігі
Директорлар кеңесі	кемінде бір тоқсанда бір рет
Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер комитеті	тоқсан сайын
Басқарма	ай сайын

Кредиттік тәуекел бойынша басқарушылық есептілік: кредиттік портфельдің құрылымы мен динамикасы туралы деректерді; портфель сапасының көрсеткіштерін (NPL, құнсыздану деңгейі, провизиялар деңгейі); сегменттер, салалар, өңірлер және ірі қарыз алушылар бойынша тәуекел шоғырлануын талдауды; белгіленген лимиттер мен тәуекел дәрежесі деңгейлерінің сақталуы туралы ақпаратты; кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеу нәтижелерін; проблемалық активтермен жұмыс бойынша деректерді; кредиттік тәуекелдің есептік кезеңдегі елеулі оқиғаларының тізбесін қамтиды.

5. ҚОРЫТЫНДЫ

Банк осы Есепті №86 Қағиданың талаптарына сәйкес дайындады және ол 2025 есептік жылдың қорытындысы бойынша 2026 жылы алғаш рет ашылады. Есепте Банкте қолданылатын кредиттік тәуекелдерді және капиталды басқарудың негізгі рәсімдері сипатталған және Банк капиталының негізгі сандық сипаттамалары көрсетілген.

Банк 31.12.2025 ж. жағдай бойынша ҚНРДА-ның капитал жеткіліктілігі жөніндегі пруденциалдық нормативтерінің белгіленген буферлерін ескере отырып, ең төменгі рұқсат етілген мәндерден асатын қорымен сақталатынын растайды. Банктің кредиттік тәуекелді басқару жүйесі жүзеге асырылатын қызметтің сипаты мен ауқымына сәйкес келеді және басқару органдары арасында өкілеттіктерді бөлу, үш қорғаныс желісі моделін іске асыру, бекітілген тәуекел дәрежесі бойынша, лимиттік саясаттың болуы, тұрақты мониторинг жүргізу және стресс-тестілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Өз қызметі шеңберінде Банк тәуекелдер мен капиталды басқару процестерін, сондай-ақ кейінгі жылдық есептер шеңберінде ақпаратты ашу тәжірибесін жетілдіруді жалғастырады.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
2025 жылдың тәуекелдер мен капиталды
басқару рәсімдері туралы ақпаратты
жария ету жөніндегі есепке
1 - қосымша

Консервациялау буфері ескерілген капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәндері

№	Атауы	Консервациялау буфері ескерілген капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің ең төменгі рұқсат етілген деңгейі (%)	Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің нақты деңгейі (%)
1	2	3	4
1.	Негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k1)	8%	17,1%
2.	Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі (k1-2)	9%	17,1%
3.	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k2)	10,5%	17,1%

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
2025 жылдың тәуекелдер мен капиталды
басқару рәсімдері туралы ақпаратты
жария ету жөніндегі есепке
2 - қосымша

1-кесте. Банктің кредиттік тәуекелге ұшырайтын активтері туралы ақпарат

(мың теңге)							
№	Атауы	Дефолт жағдайындағы талаптар	Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар талаптар	Дефолт жағдайына түспеген талаптар	Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімі өткен берешегі талаптар	Провизиялар (резервтер)	Активтердің таза баланстық құны
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қарыздар	22 220 111	15 032 204	1 002 374 300	25 238 990	28 905 772	995 688 639
2	Борыштық бағалы қағаздар		0	1 054 477 985	0	249 122	1 054 228 863
3	Баланстан тыс міндеттемелер	0	0	139 874 795	0	164 708	139 710 087
4	Барлығы:	22 220 111	15 032 204	2 196 727 080	25 238 990	29 319 602	2 189 627 589

Кредиттік тәуекел туралы ақпарат

(мың теңге)

№	Атауы	Жиынтығы	Қамтамасыз етілмеген талаптар	Кепілмен қамтамасыз етілген талаптар	Кепілдіктермен қамтамасыз етілген талаптар	Туынды қаржылық құралдармен қамтамасыз етілген талаптар
1	2	3	4	5	6	7
1	Кредиттер	995 688 639	207 597 041	716 717 886	71 373 712	
2	Борыштық бағалы қағаздар	1 054 228 863	1 050 840 558	3 388 305		
3	Жиынтығы, соның ішінде:	2 049 917 502	1 258 437 599	720 106 191	71 373 712	
4	Дефолт жағдайындағы талаптар	9 872 586	2 382 894	7 202 507	287 185	